

**АЛДА АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ТҰР**

4-БЕТ | МӘСЛИХАТ



**АҚМОЛАДА ҚҰРЫЛҒАН ДИВИЗИЯЛАР**

5-БЕТ | АЙБЫН



**ЖАУҺАР ЖЫРДЫ ЖҮРЕГІНДЕ ТЕРБЕГЕН**

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

**ОЙМАҚТАЙ ОЙ**

*Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың аражігін ашуына көмектесетін күш.*

**Әбу Насыр әл-Фараби**

№154 (4742)
Бейсенбі
26 желтоқсан
2024 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## СПОРТТАҒЫ СЕРПІН

Астанада ҚР Туризм және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен жыл сайынғы «Үздік» сыйлығының жеңімпаздарын марапаттау іс-шарасы өтті.

Салтанатты жиынға ҚР Парламентінің депутаттары, Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері, әлем біріншіліктері мен халықаралық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері, спорт журналистері қатысты.

Кеш барысында Париж Паралимпиадасында пара дзюдодан ең жеңіл салмақта сынға түсіп, осы спортта алғашқы алтын медальді иеленген елордалық Ақмарал Науатбек «Спорттағы үздік серпін» номинациясын жеңіп алды.

Сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша Елдос Сметов, Давид Дегтярев – «Жылдың үздік спортшысы»; Ғалымжан Жылгелдиев, Юрий Колесников – «Жылдың үздік жаттықтырушысы»; Ғизат Түсіпаев – «Жылдың үздік ауыл жаттықтырушысы» деп танылды.

**САНСӨЙЛЕМ**

ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ БАСЫНАН БЕРІ ЕЛОРДАДАН

**1,6 МЛН**

ТЕКШЕ МЕТРДЕН АСТАМ ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ



3

# ПРЕЗИДЕНТТІК ШЫРША ШУАҒЫ

Жаңа жыл – жаңа арман, жаңа үміттің басы, жақсылықтар мен жаңалықтардың жаршысы. Жыл сайынғы дәстүр бойынша елордадағы Президенттік орталықта Қазақстан Республикасы Президенті мен Астана қаласы әкімдігінің атынан балаларға арналған жаңа жылдық Президенттік шырша мерекесі өтті.



2025 жылы еліміздегі зейнетақы мөлшері 8,5 пайызға өседі.

Жаңа жылдан бастап төлемдер қайта қаралып, индексация жүргізіледі. Өйткені 2027 жылға дейін зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін, ең төменгі күнкөріс деңгейін 70 пайызға, ал жоғарғы шегін 120 пайызға жеткізу жоспарланған. 2025 жылы АЕК 3692 теңгеден 3932 теңгеге өседі. Сәйкесінше, мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақы мен зейнетақы көлемі де ұлғаймақ.

## ЭЛЕКТРПОЙЫЗ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жаңа жылдық электрпойызды темір жолға шығарды.

Аяз ата мен Ақшақардың бейнесімен безендірілген жүйрік көлік аптасына бес рет №6803/6804 «Астана-Атбасар» және №7507/7508 «Астана-Көкшетау» бағыттарына қатынайды. Вагондардың ішіндегі шырша ойыншықтары, гирляндалар жолаушыларға мерекелік көңіл күй сыйлайды. Балаларға арнайы пошта жәшігіне өз тілектерін жазып, Аяз атаға хат жібереді. Жолаушылардың жайлылығы үшін пойызда жаңа піскен нан-тоқаш, сусындар мен тәттілерді қолжетімді бағамен сататын буфет бар. Елорданың Нұрлы жол және Астана-1 вокзалдарынан Атбасарға пойыз дүйсенбі, бейсенбі және жұма күндері, ал Көкшетауға сенбі және жексенбі күндері жүреді. Билеттер bilet.railways.kz сайтында немесе вокзал кассаларында сатылады.



**№154** (4742) 26/12/2024 Бейсенбі



# ПРЕЗИДЕНТКЕ МӘЛІМЕТ БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаевқа Сенаттың қазіргі қызметі мен алдағы жоспарлары туралы мәлімет берілді.

Мәулен Әшімбаев үшінші сессия басталғаннан бері Парламенттің 28 заң қабылдағанын, оның 5-еуіне депутаттардың бастамашы болғанын жеткізді. Атап айтқанда, Президент жолдаулары мен тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында тұрғын үй саясатына, білім беру және балалар құқығын қорғауға, білім саласындағы жинақтау жүйесіне, биржа саудасы мен кәсіпкерлікке, сот жүйесін реформалау мен есірткінің заңсыз айналымына қарсы күреске қатысты заңдар қабылданған.

Қазір Парламентте жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау, креативті индустрияны қолдау, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жөніндегі заң жобалары қаралып жатыр. Бұл – сенаторлардың бастамасымен қолға алынған құжаттар. Спикердің айтуынша, сессия басталғалы бері Сенатта 50-ге жуық іс-шара өткізілген, сенаторлар Үкіметке 67 депутаттық сауал жолдаған. Сонымен қатар парламентаралық ынтымақтастықты кеңейту аясында 40-тан астам халықаралық кездесу ұйымдастырылған.

Мәулен Әшімбаев келесі жылы жоғары Палатада Бюджет, Құрылыс, Су, Салық кодекстері, «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» және «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңдар қаралатынын айтты. Сондай-ақ Жұмысшы мамандықтары жылына арналған парламенттік тыңдаулар өткізу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанның орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды мониторингтеу жөніндегі Парламенттік комиссияның жұмысы туралы ақпарат берілді. Аталған комиссия Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған болатын.

Сенат төрағасы Президенттің өңірлерді одан әрі дамыту жөнінде жүктеген міндеттерін Палатаның басымдық беретін бағыттарының бірі екенін атап өтті. Бұл ретте Сенат мәслихаттар депутаттарымен жұмысты жандандыра түскен. Кездесу соңында Мәулен Әшімбаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезіне дайындық барысын баяндады. Аталған жиын 2025 жылдың қыркүйек айына жоспарланып отыр.

# МӘЖІЛІС 37 ЗАҢ ҚАБЫЛДАДЫ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов осы жылдың соңғы жалпы отырысында Палатаның жұмысын қорытындылады.




«Бүгін біз жылдың қорытынды жалпы отырысын өткіздік. 2024 жыл еліміз үшін өзгеріске толы, мазмұнды кезеңге айналды. Халықаралық және жалпыұлттық сипаттағы көптеген маңызды саяси оқиға болды. Біз әлемдік диалогтың геосаяси орталығына айналып, өзімізді жаһандық саяси процестердің маңызды қатысушысы ретінде көрсете алдық. Еліміз бірнеше беделді халықаралық ұйымға лайықты деңгейде төрағалық етті. Нәтижесінде халықаралық сарапшылар Қазақстанға «өңірде адалдықпен келіссөз жүргізуші» деген баға берді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ресми іссапарлары да үлкен рөл атқарғанын айта кету керек. Мұндай іс-шаралар мен іссапарлар ел мүддесіне қызмет етіп, мемлекетіміздің дамуына, халқымыздың әл-ауқатының артуына зор септігін тигізері анық» деді Е.Қошанов.

Оның айтуынша, осы жылы елдің саяси жүйесінің жалпы сипатын өзгерту жалғасын тапты.

«Биыл өткен референдум нәтижесі мен елдің энергетикалық тәуелсіздігі жолындағы халықтың тарихи шешімі ұлтымыздың ұйысуы мен қоғам белсенділігінің жарқын үлгісі болды. Биыл Мемлекет басшысының қатысуымен алғаш рет мәслихаттардың республикалық форумы өтті. Жиын маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдауға бүкіл Қазақстан қоғамын жұмылдырудың тағы бір тиімді тетігіне айналды. Ауқымды іс-шара саяси партиялардан, бір мандатты округтерден сайланған мәслихат депутаттарын, сондай-ақ Үкімет мүшелерін алғаш рет бір алаңда тоғыстырды. Оны орталықтан өңірлерге дейінгі биліктің барлық тармағы арасындағы жалпыхалықтық диалогтың жаңа форматы деп атауға болады» деді Мәжіліс төрағасы.

Сонымен қатар ол 2024 жыл Парламент Мәжілісі үшін де нәтижелі болғанын атап өтті. Жыл басынан бері Палата Мемлекет басшысының Жолдауларында, сайлауалды бағдарламасында, Ұлттық құрылтайда берілген тапсырмаларын орындау үшін бірқатар маңызды заң қабылдады.

«Әріптестер, осы сессия басталғалы Палатаның қарауында 106 заң жобасы болды. Оның ішінде 37 заңды қабылдадық. 19-ына Президент қол қойды. Жалпы алғанда, депутаттар тарапынан биыл елеулі жұмыс атқарылды. Келер жылы да осы қарқынды сақтауымыз қажет. Ең бастысы, халқымыздың әл-ауқатын арттыру және Мемлекет басшысы тапсырмаларының орындалуы әрдайым басты назарда болуға тиіс. Жуырда біз өңірлерге іссапарға шығамыз. Басты мақсат – жергілікті жерлердегі сайлаушыларға қабылданған заңдардың мән-маңызын, істеліп жатқан жұмыстардың жай-жапсарын жеткізу. Сонымен бірге олардың өңірлерде қалай жүзеге асырылып жатқанына көз жеткізіп қайтуымыз керек. Алыс ауылдарға, еңбек ұжымдарына барып, елді толғандырып жүрген проблемаларды біліп, әдеттегідей, оларды Үкімет назарына жеткізуге тиіспіз» деді Ерлан Қошанов.

# ИЛЬХАМ ӘЛИЕВКЕ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке көңіл айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевке Маңғыстау облысында Әзербайжанның әуе жолдары ұшағы апатқа ұшырап, экипаж мүшелері мен жолаушылардың қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

«Орны толмас ауыр қайғыға ортақтаса отырып, Сізге, қаза тапқан азаматтардың туған-туыстарына және барша Әзербайжан халқына көңіл айтамын. Менің тапсырмаммен Қазақстан Үкіметі мемлекеттік комиссия құрды. Комиссия құтқару операциясы аясында тиісті шаралар қабылдап, Әзербайжан тарапына қажетті көмек көрсетеді» делінген жеделхатта.

# ҮКІМЕТТІК КОМИССИЯ ҚҰРЫЛДЫ

Үкімет қаулысымен Ақтау қаласы әуежайының маңында болған Az Airlines әуе компаниясының Embraer 190 ұшағының апатқа ұшырау себептерін тексеру бойынша Үкіметтік комиссия құрылды. Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.

Комиссия құрамына Премьер-министрдің орынбасары, Маңғыстау облысының әкімі, төтенше жағдайлар, көлік, сыртқы істер, ішкі істер, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау министрліктерінің басшылығы, Бас көлік прокуроры кірді. Комиссияға оқиға орнына дереу ұшып барып, ұшақтың апатқа ұшырау себептерін жан-жақты тексеруді қамтамасыз ету, қаза тапқандардың отбасыларына және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету шараларын қабылдау тапсырылды. Қазақстан Үкіметі Әзербайжан Үкіметімен болған оқиғаның себептерін жан-жақты тергеу және алғашқы көмек көрсету бойынша бірлесіп жұмыс істеуде.

# 271 АЗАМАТҚА – «БОЛАШАҚ» СТИПЕНДИЯСЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің төрағалығымен шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның кезекті отырысы өтті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Жиын барысында 271 азаматқа «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау туралы шешім қабылданды. Стипендия иегерлерінің 136-сы – магистратура, 8-і докторантурада оқиды. Сондай-ақ 127 азамат әлемнің ең үздік университеттері мен орталықтарында тағылымдамадан өтеді. Комиссия мүшелері басымдық беріліп отырған мамандықтарға ерекше назар аударды. Яғни стипендия иегерлерінің 65 пайызы – жаратылыстану-техникалық, ал 35 пайызы әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар бойынша білімін жетілдіреді. Сонымен қатар 170 азамат шетелдің жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өтуге стипендия алды. Ерлан Қарин биыл былтырға қарағанда тағылымдамадан өтуге екі есе, инженерлік-техникалық мамандықтар бағытына алты есе көп өтініш түскенін атап өтті. Бұл Мемлекет басшысының инженерлік-техникалық білім беруді дамытуға және қолдауға бағытталған бастамасының өзекті әрі заман талабына сай екенін көрсетеді.

# «ЖАНСАЯДАҒЫ» МЕРЕКЕ

Қалалық мәслихат депутаттары «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығына барып, балаларды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Мерекелік іс-шара барысында балаларға тәтті сыйлықтар табысталып, орталыққа теледидар сыйға берілді. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.




«Жансая» орталығы психоневрологиялық патологиялары бар мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде 8 арнайы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Орталықта 209 қызметкер жұмыс істейді, ал қызмет алушылардың жалпы саны – 640 бала.

Басқа әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарынан ерекшелігі – Астана қаласының әкімдігіне қарасты «Жансая» орталығы арнайы әлеуметтік қызметтермен ғана шектелмей, жартылай стационарлық жағдайда да оңалту қызметтерін ұсынады. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында орталықта бес нұсқаушысы бар үш емдік дене шынықтыру (ЛФК) кабинеті және бір бейімделген дене шынықтыру (АФК) кабинеті жұмыс істейді. Қалалық басшылық пен мәслихат депутаттары әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының дамуына ерекше мән беріп, оларға жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастырады» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.




# ПРЕЗИДЕНТТІК ШЫРША ШУАҒЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Жас жүректің лүпіліне жылу ұялатқан мереке бүлдіршіндердің езуіне күлкі, жүзіне қуаныш сыйлады. Шын мәнінде, көшпенділер санасында мәңгіліктің ағашы саналатын, ұлттар мен ұлыстарға ортақ осы бір қартаймас мәңгілік өмірдің, ортаймас бақыттың символы болған ағаштың жаңа жылдың басында түрлі түсті шырақтармен көмкеріліп, сәнге бөленуі жүректерге жылу сыйлап, адамзат баласын шыршаның шырағы емес, жаңа бір белестің, жаңа бір арманның білтесі жанғандай сезімге бөлейтіні анық. Біздің ұлтымыздың да, жұртымыздың да болашағы – қара домалақ ұл-қыздар. Оларға арнап тігілген шырша алауының жануы біздің келешегіміздің, ертеңіміздің жолына нұр мен жарық түсірмек. Сондықтан да Президенттік орталықта тұрғызылған бұл шыршаның орны ерек, жөні бөлек. Сол себепті де іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысып, қаланың жас тұрғындарын келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, олардың дамуы мен табысқа жетуіне қолайлы жағдай жасаудың маңызына тоқталды.

«Құрметті достар, біздің жас таланттар! Жаңа жыл құтты болсын! Біз сіздерге өз талантыңызды жүзеге асыруға, үйренуге, дамытуға және жаңа достар табуға мүмкіндік беретіндей жағдай жасауға тырысамыз. Осы мақсатта қаламызда жаңа мектептер, шығармашылық сарайлар, спорт алаңдары салынып, жаңа саябақтар мен скверлер бой көтеріп жатыр. Біз өскелең ұрпағымыздың дені сау, білімді, ақылды болып өскенін қалаймыз. Алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындыра берулеріңізге тілектеспін!» деді Есет Байкен.



Мерекелік іс-шараға 300 бала, оның ішінде жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың өкілдері, мүмкіндігі шектеулі, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, сондай-ақ мектепте, спортта, шығармашылықта және әлеуметтік салада жетістіктерге жеткен дарынды балалар қатысты.

«Жаңа жыл – әрбір бала өзін ерекше бақытты сезінетін уақыт. Бұл – адами әрі ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиені ұштастырған тамаша бастама. Іс-шараның сценарийі балалардың талантын дамытуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар оларға үлкенді сыйлау, өзгелерді құрметтеу сияқты маңызды өмірлік ұстанымдарды үйретеді» деді Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев.

Мерекелік бағдарлама мазмұнды әрі жан-жақты өтті. Қатысушылар үшін «Витебсктегі славян базары» халықаралық байқауларының жеңімпаздары мен «Голос» телешоуы, сондай-ақ танымал қазақ эстрада жұлдыздары өнер көрсетті. Жүргізушілер, аниматорлар қазақ және әлемдік ертегілер кейіпкерлерінің киімдерін киіп өнер көрсетті.

# БАЛАЛАРДЫ СЫЙЛЫҚПЕН ҚУАНТТЫ

Аудан әкімдіктері Жаңа жыл қарсаңында елорданың жас тұрғындарына арнап шырша мерекесін өткізді. Осыған орай, Астана қаласы Есіл ауданы әкімінің дәстүрлі жаңа жылдық шыршасы ерекше көңіл күйде өтті. Аталған іс-шараға 500-ден астам бала қатысып, олардың әрқайсысына жаңа жылдық сыйлық табысталды.




Аудан әкімі Дәрменияр Қыдырбекұлы балаларды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, жарқын болашақ пен сәттілік тіледі. Іс-шарада балалар үшін түрлі ойын, қойылым, Аяз ата мен Ақшақардың қатысуымен қызықты бағдарлама мен ертегі ұйымдастырылды. Мерекелік сыйлықтардың басты демеушісі «Полимерстрой-Қазақстан» ЖШС салтанатқа өз үлесін қосып, әр балаға жаңа жылдық сыйлық ұсынды.

Астана қаласы әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында да тәрбиеленушілерге арнап ертегіге толы концерт бағдарламасы ұйымдастырылып, тәттілер мен ойыншықтар ұсынылды. Оған Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов қатысып сөз сөйлеп, арнайы құттықтады. Сондай-ақ ол Астана қаласының №2 және №3 арнайы мектептерінің оқушыларын құттықтады.

«Өткен жылы депутаттық корпуспен бірлесе отырып, бұл мектептерге барып, олардың материалдық-техникалық базасын жаңартуға қолдау көрсеттік. Балаларға бос қолмен келмей, жаңа жылдық сыйлықтар мен теледидарларды сыйға тарттық» деп атап өтті Е.Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сондай-ақ ол Астана қаласы Гимнастикалық спорт түрлері федерациясының ұйымдастырған салтанатты шарасына қатысып, құрметті президент ретінде үздік спортшылар мен олардың жаттықтырушыларын келе жатқан Жаңа жылмен құттықтағанын айтып өтті.

«Өткен жылы елордалық мәслихат депутаттары қолдауының арқасында Астанада Көркем гимнастика орталығы ашылды. Жалпы ауданы 1000 шаршы метрден асатын және биіктігі шамамен 14 метр болатын бұл бірегей нысан Астананың спорт инфрақұрылымын дамытудағы маңызды қадамға айналды. Алдағы уақытта федерациямыз амбициялық, бірақ жүзеге асырылатын жоспарларды іске асыруды көздеп отыр» деді қалалық мәслихат төрағасы.

# 400 ҚОҚЫС ОРНЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

Бас қалада стихиялық қоқыс орындарымен жүйелі күрес жүріп жатыр. Жыл басынан бері елорда аудандарынан рұқсат етілмеген 415 қоқыс орны анықталды. Олардан 200 мың тонна қоқыс полигондарға шығарылды.

Қаланың барлық аумағында рұқсат етілмеген үйінділердің болуына күн сайын мониторинг жүргізіледі. Тәртіп бұзушылардың бәрі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Мысалы, Алматы және Сарайшық аудандарында анықталған 115 учаскенің барлығы жойылып, 58,5 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылды (8 мыңға жуық рейс). Байқоңыр ауданында 67 учаске жойылып, одан 10 мың тонна қоқыс шығарылды. Есіл ауданында 55 қоқыс орны жойылып, 35 мың тоннадан астам қоқыс полигонға жөнелтілді. Сарыарқа ауданында 43 стихиялық қоқыс орны тазартылып, 37 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылды. Жұмыс жалғасуда. Нұра ауданынан жойылған 135 орыннан 40 мың тонна қоқыс шығарылды.

iKomek арқылы құрылыс алаңдарынан шығару және рұқсат етілмеген орындарға қалдықтарды түсіру фактілері анықталып, құқық қорғау органдарымен бірлесіп рейдтер жүргізіліп жатыр. Жыл басынан бері рұқсат етілмеген орындарға қоқыс шығарғаны үшін 400-ге жуық жүк көлігінің жүргізушілері әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға жалпы сомасы 8 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін 20 мыңнан астам құқық бұзушыға 58 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Қоғамдық орындарды ластағаны үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-2-бабы бойынша 15 мыңға жуық құқық бұзуға 273 млн теңге айыппұл салынды. Заңсыз қоқыстарды жою жұмыстары жалғасуда. Бұл жаңа ошақтардың пайда болуының алдын алу үшін де маңызды.

Елордада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» акциясы өтіп жатыр. Экологиялық акция аясында қалада нөсер және арық кәріз желілерін санитарлық тазалау, көшелерді, тротуарларды, кварталішілік аумақтарды, қоғамдық орындар мен аулаларды тазалау жұмысы жүргізілуде.



# РЕЙД БАСТАЛДЫ

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Астанада пиротехникалық бұйымдардың сауда орындарын рейдтік тексеру басталды. Рейдтер пиротехниканың заңсыз саудасын болдырмау, елорда тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және белгіленген ережелерді сақтау мақсатында 23 желтоқсаннан 3 қаңтарға дейін жалғасады.

Астана қаласының Полиция және Төтенше жағдайлар департаменттері рейдтер барысында пиротехникалық өнімдер сатылатын базарларды, дүкендерді және сауда павильондарды қамтиды. Жыл басынан бері барлығы 19 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 13,3 млн теңге сомасына әкімшілік айыппұл салынды. Оның ішінде 11,8 млн теңге өндірілді.

Пиротехниканы пайдалану кезінде қауіп-қатерді болдырмау үшін сарапшылар өнімдерді тек сертификаттары бар мамандандырылған дүкендерден сатып алуды, жарамдылық мерзімін тексеруді, ғимараттар мен ағаштардан кемінде 50 метр қашықтықта отшашуларды іске қосуды, оларды желді ауа райында пайдаланбауды ұсынады. Сарапшылар жаңа жыл қарсаңында пиротехниканы дұрыс пайдаланбаудан зардап шеккендердің саны едәуір артқанын атап өтті.







# АЛДА АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ТҰР

Астана қаласы мәслихатының VIII шақырылым депутаттары жыл бойы белсенді жұмыс істеп, елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуына, қалаға қатысты маңызды құжаттардың қабылдануына үлкен үлес қосты.

Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, биылғы жыл өте нәтижелі болды. Жыл басынан бері 16 сессия, бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 7 отырысы, заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 13 отырысы, құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 13 отырысы, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 8 отырысы өткізілді. Сонымен қатар 35 жұмыс отырысы, 4 қоғамдық тыңдау, 33 «Депутат күні», 5 бірлескен отырыс ұйымдастырылып, 142 нысанға бару жүзеге асырылды. Мәслихат отырыстарында 200-ден астам мәселе қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Депутаттар бюджет бағдарламаларын бекіту және бюджет өтінімдерін қалыптастыру үдерісіне қатысу арқылы өз міндеттерін толық көлемде орындады.

– Биыл мәслихат депутаттары шығыстардың басым бағыттарын ескере отырып, 2025 жылға арналған қаржыландыруды бөлу бойынша ұсыныстарды тиісті лимит аясында екінші рет дайындады. Нәтижесінде, мәслихат депутаттарының тікелей қатысуымен Астананың үш жылдық бюджетіне бірқатар өзгерістер енгізілді, – деді Е.Каналимов.

Қаңтар айында өткен кезектен тыс сессияда депутаттар 2035 жылға дейінгі бас жоспар жобасын бірауыздан мақұлдады. Бұл құжатқа сәйкес, 2035 жылға қарай елорда халқының саны 2 млн 275 мың адамға жетеді деп болжануда. Қала 148 секторға бөлініп, инженерлік инфрақұрылымды, көшелер мен жолдарды, мектептер мен ауруханалар сияқты әлеуметтік нысандарды дамытуға үлкен көңіл бөлінді. Сонымен қатар биыл Астананың жаңа алтыншы ауданы – Сарайшық ауданының ашылуына бастама жасалды.

2023 жылдың сәуір айында мәслихат төрағасы елордада алтыншы аудан құру туралы бастама көтерген болатын. Бұл бастама, ең алдымен, халық санының өсуі мен азаматтардың қажеттіліктерін ескере отырып, аумақты тиімді басқару мен дамытуды көздейді. Елордадағы Алматы ауданы – халық ең тығыз қоныстанған аудандардың бірі. Ауданда 6 тұрғын алабы бар, олар: «Промышленный», «Железнодорожный», «Интернациональный», «Мичурин», «Күйгенжар» және оңтүстік-шығыс шағын ауданы. Аудан аумағы 15 471 гектарды құрайды, ал тұрғындар саны шамамен 400 мың адамға жетті. Тұрғын үй қоры 885 көпқабатты тұрғын үйден тұрады. №1 Индустриялық парк аумағында 51 кәсіпорын жұмыс істейді, ал «Железнодорожный» тұрғын алабында №2 Индустриялық парктің құрылысы жоспарлануда. Осыған байланысты аудан әкімдігі аппаратына түсетін жүктеме айтарлықтай артты.

Ағымдағы жылы мәслихат депутаттары Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісінің жұмыс топтарының отырыстарына белсенді қатысты. Олар «Құрылыс кодексіне», алкоголь өнімдерін сату ережелеріне, ойын-сауық орындарының жұмысына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар берді. Сондай-ақ автобус жүргізушілерінің тапшылығының себептерін анықтау және елордадағы қоғамдық көлік жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар жасады. Қазіргі уақытта Мәжіліс депутаттарымен бірге «Елорда мәртебесі» туралы заңға түзетулер енгізу мәселесі талқылануда. Сонымен қатар мәслихат депутаттары елорданың жергілікті ерекшеліктері мен қалыптасқан жұмыс тәжірибесін ескере отырып, жаңа редакциядағы абаттандыру ережелерін бекітті. Ережелер 4 бөлім мен 176 тармақтан тұрады және жеке және заңды тұлғалардың абаттандыру мен ұстау саласындағы қарым-қатынасын реттейді.

– Бұған дейін біз ТҚҚ контейнерлеріне арналған алаңдар мен олардың жағдайына қойылатын талаптарды, ғимараттардың құрылымдық элементтерін тазалау шараларын егжей-тегжейлі сипаттап, сондай-ақ абаттандыру ережелерін бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тартуға дейінгі профилактикалық шараларды күшейтуді ұсындық, – деді мәслихат төрағасы.

Депутаттық корпустың белсенді қолдауымен биыл автобус маршруттары оңтайландырылып, маршруттар желісі кеңейтілді. Бұл қала тұрғындары үшін қоғамдық көліктің қолжетімділігін арттырды. Қоршаған ортаға зиянды әсері аз жаңа заманауи автобустар пайдалануға берілді. Сонымен қатар, байланыссыз карталар мен мобильді қосымшалар сияқты жаңа электронды төлем жүйелері енгізіліп, жол ақысын төлеу процесі жеңілдетілді. Қарбалас сағаттарда жолаушылардың шоғырлануын азайту мақсатында рейстер саны артты.

Қалалық автобус паркі 1 625 автобусты қамтиды және 105 маршрут бойынша қызмет көрсетеді. 2023-2024 жылдары мәслихаттың қолдауымен 706 қазақстандық өндірістегі жаңа автобус сатып алынып, автобус паркінің 45%-ы жаңартылды. Барлық жаңа автобустар пайдалануға берілді. 2025 жылы тағы 300 автобус сатып алу жоспарланып отыр, бұл маршруттар желісін әрі қарай жаңартуға және кеңейтуге мүмкіндік береді.

– Биыл біз елорданың алты ауданының басшыларымен кездесулер өткізіп, шағын аудандар мен тұрғын алаптардағы өзекті мәселелерді анықтауға бағытталған жұмыстар жүргіздік. Көшпелі кеңестердің нәтижесінде жүйелі және ағымдағы бірқатар мәселелер анықталды, олардың талдауы депутаттық корпустың қарауына ұсынылады, – деді Ерлан Каналимов.

Оның айтуынша, жағдайды жан-жақты зерделеу мақсатында қалалық мәслихат депутаттары көшпелі отырыстар, жеке қабылдаулар, сайлау округтеріндегі тұрғындармен кездесулер, атқарушы орган қызметкерлерімен және азаматтық қоғам өкілдерімен жұмыс кездесулерін ұйымдастырды. Әр апта сайын мәслихаттың қоғамдық қабылдауында, партия кеңселерінде және жұмыс орындарында депутаттар азаматтарды қабылдайды. 10 ай ішінде 3 398 жеке қабылдау өткізіліп, тұрғындармен 370 кездесу ұйымдастырылды. Осы кезеңде сайлаушылардан 1 000-нан астам өтініш түскен.

– Мәслихат депутаттары үшін сайлаушылармен бірлесіп жұмыс істеу барысында ашықтықтың жоғары деңгейін сақтау өте маңызды. Осы мақсатта сессиялардың алдын ала хабарландырулары мәслихаттың сайтында жарияланып, мәслихат отырыстарының «Facebook» әлеуметтік желісінде міндетті онлайн-трансляциясын жүргізу тәжірибесі енгізілді. Сондай-ақ тұрақты комиссиялардың құрамы, комиссия отырыстары, қоғамдық тыңдаулар, жаңалықтар, жұмыс жоспарлары туралы ақпарат жарияланады. Бұған қоса, азаматтарды қабылдау кестесі мен байланыс ақпараты БАҚ пен әлеуметтік желілерде орналастырылады, – деді мәслихат төрағасы.

Астана қаласының әкімі, әкімнің орынбасарлары мен басқарма басшыларының қатысуымен Amanat партиясы фракциясының 6 отырысы өтті. Бағдарламалық құжатта 126 тармақ қамтылған, оның ішінде 4 тармақтың орындалу мерзімі әлі келген жоқ, 2024 жылы орындалуы тиіс 114 тармақ бар. Жол картасы тармақтары бойынша 28 фракция мүшесі – мәслихат депутаттары бекітілген. Астанада сайлауалды бағдарламаның орындалуына жүргізілген талдау нәтижесінде, 2024 жылы іске асырылатын 114 іс-шараның 64-і (56%) орындалғанын, ал 50-і (44%) орындау сатысында екенін көрсетті. Партияның қоғамдық қабылдауында 101 қабылдау өткізіліп, 725 адам қабылданды.

– Биылғы басты жетістіктеріміздің бірі – елорданың әртүрлі салаларын дамыту бойынша қабылданған «Кешенді даму жоспарларының» сәтті жүзеге асуы, – деді Е.Каналимов.

– Мысалы, «Елордада қылмысқа қарсы күрес, құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын» алайық. Аталған бағдарламалық құжат аясында полиция қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдіктерді арттыруға қаражат бөлінді, оның ішінде тұрғын үй төлемдері, патрульдік полиция қызметкерлерін формалық киіммен қамтамасыз ету шаралары қарастырылды. Бейнебақылау жүйесі жаңғыртылып, заманауи жабдықтар сатып алынды, жалақыны арттыру қолдау тапты. «Цифрлық полицей» жобасы аясында жеке құрам 100 мобильді планшет алды, учаскелік инспекторларға арналған бейнетіркеуіштерді қамтитын 924 смарт-жетонды үш жылға жалға алу бойынша келісім жасалды.

Мәслихат депутаттары бірнеше рет елорданың төтенше жағдайлар қызметін дамыту жөніндегі үш жылдық кешенді жоспардың жүзеге асырылуын тексерді. Аталған жоспар әкімдік пен мәслихат тарапынан қабылданып, бекітілген болатын. Бағдарламалық құжатта өрт сөндіру деполары мен бөлімшелерін салу және жөндеу, оларды жабдықтау, сондай-ақ елордалық құтқарушыларға әлеуметтік қолдау көрсету мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бір жылдан астам уақыт ішінде жағдай айтарлықтай жақсарды.

2025 жылы 1970-1980 жылдары салынған 6 өрт сөндіру бөлімшесін реконструкциялау жоспарлануда. 60-қа жуық заманауи арнайы техника сатып алынып, өрт сөндірушілер мен құтқарушылар еуропалық стандарттарға сай қауіпсіздік костюмдерімен және заманауи жабдықтармен алғаш рет қамтамасыз етілді. Биыл 16 автомобиль сатып алынды, олар қиын қолжетімді жерлерге кіруге мүмкіндік береді. Келесі жылы «Ильинка» тұрғын алабында заманауи өрт сөндіру депосын ашып, тағы 3 тез салынатын өрт сөндіру бөлімшесін жобалауды бастаймыз. Сонымен қатар, ТЖД-ның шамамен 2 мың қызметкері мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсету бойынша жұмыс басталды. Бұл балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, балабақшалардағы орындармен қамтамасыз ету және тұрғын үй төлемдеріне қатысты мәселелерді қамтиды.

2023-2025 жылдарға арналған Астананың денсаулық сақтау жүйесін дамыту бойынша Кешенді жоспар Астана қаласының әкімдігі мен мәслихаты тарапынан бекітіліп, 186 іс-шараны қамтиды. Биыл 8 нысанда күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланған, олардың бесеуінде жөндеу аяқталды, екеуінде жұмыс жалғасуда. Сонымен қатар, Патологоанатомиялық бюро мен «Нұрлы жол» вокзалы ауданындағы емхана пайдалануға берілді.

Мәдениет саласын дамыту бойынша Кешенді жоспар алдағы үш жылда 59 бағытты жүзеге асыруды көздейді. Олардың ішінде мәдениет қызметкерлеріне арналған 200 пәтерлік жатақхана құрылысы, 300 орындық үлкен зал мен 150 орындық кіші залдан тұратын Қуыршақ театрының жаңа ғимаратын салу, «Наз» театрының қала орталығына көшірілуі, музейлер, театрлар, кешендер мен ескерткіштерде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

– Астананың кітапхана жүйесін жаңғырту бойынша басталған жұмыс жалғасады. Арнайы автокөлік пен жабдықтар сатып алу, мәдениет саласының кадрлық әлеуетін дамыту және басқа да көптеген іс-шаралар жоспарланған. Барлық Кешенді жоспарлардың әр тармағының орындалуын бақылау тікелей басқарма басшылары мен мәслихат депутаттарына жүктелген, – деді Ерлан Каналимов.

Дене шынықтыру және бұқаралық спортты дамыту бойынша Кешенді жоспар аясында алдағы үш жылда 21 бағыт жүзеге асырылады. Маңызды жобалар қатарында: №1 БЖСМ базасында скалодромы бар гимнастика орталығын салу, №2 БЖСМ үшін шаңғы базасын құру, №6 БЖСМ-ның велоспорт трассасын №18 мектеп аумағында жабдықтау, үш футбол күмбезін орнату, олимпиадалық резервтің спорт мектебі-интернат-колледжін салу, шайбалы хоккей мен коньки тебу спортына арналған модульді ғимараттар тұрғызу бар. Бағдарламалық құжатта бұқаралық спортты дамытуға ерекше назар аударылған. Спорт инфрақұрылымын, бағдарламаларды және іс-шараларды кешенді түрде дамыту елорда тұрғындары үшін белсенді өмір салтын қолжетімді етуді қамтамасыз етеді.

Ардагерлерге де назар аударылуда. Биыл Байқоңыр ауданындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының базасында «Ұрпақтар диалогы» пікірталас клубы құрылып, «Ұрпаққа аманат» тобы жұмыс істей бастады. Мұнда депутаттар, жазушылар, ақындар, композиторлар сияқты белгілі тұлғалармен кездесулер өткізіліп, жас ұрпақтың азаматтық жауапкершілігін арттыруға, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға бағытталған «Жас сарбаз – патриоттарды тәрбиелейді» іс-шарасы ұйымдастырылды. Елорда аудандарының әрқайсында Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары жұмыс істейді.

– Біз игі дәстүрімізді жалғастырып, биыл көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға, «Жастар рухы» белсенділеріне, жас спортшыларға 50 білім грантын табыстадық. Олар 1 қыркүйектен бастап «Синергия» университетінде, «Astana International University»-де және «Тұран-Астана» университетінде тегін білім алуда, – деді мәслихат төрағасы.

Биыл айтарлықтай нәтижелі жыл болды. Біз тек өңірлік әріптестерімізбен ғана емес, жақын және алыс шетелдік әріптестерімізбен де тығыз ынтымақтастық орнаттық. Астана мәслихаты мен Санкт-Петербургтің Заң шығару жиналысы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Мәскеу қалалық думасының депутаттарымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою сатысында тұрмыз, ол алдағы бес жылға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын көздейді. Марокко Корольдігіне барған сапар тәжірибе алмасу тұрғысынан өте жемісті болды. Жақында делегациямыз Эстония мен Финляндияға ресми сапармен барып қайтты. Әрбір сапар – бұл ең алдымен тәжірибе алмасу. Біз көргеніміздің барлығын жергілікті жағдайларды ескере отырып, өзімізде енгізуге тырысамыз. Қоғамдық көлік, ТКШ саласындағы жұмыс, қызметтерді цифрландыру және туризм саласына дейін бәрі біз үшін маңызды.

Өтіп бара жатқан жылы еліміздің бас қаласы әлеуметтік-экономикалық даму бағытында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Жайлы мектептер салынды, медициналық қызметкерлерге арналған жатақханалар бой көтеруде, бірқатар ауруханаларда күрделі жөндеу жүргізілді, жаңа медициналық мекемелердің құрылысы жалғасуда, тұрғын үй алаптары мен әлеуметтік нысандарға газ тартылуда, аулалар абаттандырылуда, шағын және орта бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасалды.

– Алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Талқыланатын мәселелердің ішінде Астананың көлік жүйесін кешенді дамыту перспективалары қаралады. Сондай-ақ елорда қауіпсіздігі, жұмыспен қамту, көгалдандыру, абаттандыру және басқа да маңызды мәселелерге үлкен көңіл бөлінеді. Әрине, басты міндетіміз – бюджеттік қаражатты бақылау және тиімді пайдалану екенін ұмытпауымыз керек. Бізді алда елорда үшін маңызды әлеуметтік нысандардың – мектептердің, медициналық мекемелердің пайдалануға берілуі, Қ.Мұңайтпасов атындағы стадионды қайта жаңғыртуды аяқтау, көлік жолайрықтарының, жылу және энергия көздерінің, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымның басқа да нысандарының құрылысы күтіп тұр. Қала өсіп келеді және осының барлығына мұқтаж. Біздің міндетіміз – осы жұмыстардың барлығын уақытында аяқтау. Мүмкіндікті пайдалана отырып, қала тұрғындарын келе жатқан 2025 жаңа жылымен құттықтағым келеді. Баршаңызға бақыт, денсаулық, қаржылық тұрақтылық және бейбіт аспан тілеймін. Жаңа жыл – ең жарқын мерекелердің бірі. Бұл үміт пен батыл жоспарлардың уақыты. Осы жылдары қол жеткен барлық жетістіктер жаңа жеңістерге серпін берсін! – деді Ерлан Каналимов.



# АҚМОЛАДА ҚҰРЫЛҒАН ДИВИЗИЯЛАРДЫҢ АҚИҚАТЫ ҚАНДАЙ?

Адамзат баласы тарихындағы ең ауқымды соғыс саналатын Екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталуына қазақстандықтардың қосқан үлесі туралы ой қозғағанда, әңгімемізді әуелі архив қорларында сақтаулы тарихи құжаттар мен нақты дерек-дәйектерге сүйене отырып өрбітсек, айтар сөзіміз ақиқаттан алшақтамай, туралықтан тайсақтамай, көкейдегі көп сауалға жауап табылары анық.

Тарихи деректер тек Қазақстанның өзінен майданға шамамен жалпы 1300000 жауынгер аттанып, мұның жартысына жуығы туған жерге қайтып оралмағанын алға тартады. Жалпы қазақ даласында қанқұйлы соғыстың салқыны тимеген, зардабын тартпаған бірде-бір шаңырақ болмағанына халықтың жасампаз жады куә. Арада 80 жыл өтсе де, сұм соғыстың ызғары мен ащы кермегі әлі күнге дейін қоғамның өзегін мұздай қарып, рухын оттай лаулатады. Сол кезеңдегі алапат ауыртпалыққа бүгінгі ұрпақтың зердесімен қанша жерден тереңдеп үңілсек те, бұл буынның шеккен қасіреті мен мехнатын, мұң-мұқтажы мен қуанышын шынайы сезініп, олардың тап өзіндей түсініп-пайымдай алмасымыз тағы шындық. Сондықтан Ұлы Жеңістің 80 жылдығына көп мерекелердің бірі ретінде деп қана қарамауымыз керек, кешегі қанды қырғынның адамзат баласына тигізген қасіретін еске алу, өткен тарихымызды жадымызда қайта жаңғырту арқылы қиын да күрделі кезеңнің өзінен болашақтың бағыт-бағдарына, ел мұраты жолындағы әрбір іс-әрекетімізге тағылым боларлық сабақ түюіміз, үлгі алуымыз маңызды.

Бұл ретте Астана қаласы Мемлекеттік архивінің қызметкерлері де қыруар жұмыс атқарып, соғыс кезінде Ақмола қаласында құрылған дивизиялар бойынша құжаттарды іздестіру ісін тиянақты жүргізіп келеді. Мысалы, 310, 387 және 29-бөлімдер туралы мәліметтер Ресей Қорғаныс министрлігінің Подольск қаласындағы орталық архиві қорынан табылғаны жұртшылыққа мәлім етілген еді. Бір өкініштісі, мұнда 106-Ақмола атты әскер дивизиясы құжаттарына қатысты деректер жоқ болып шықты, өйткені бұл дивизия жау қоршауында қалып қойғандықтан кейінгі тағдыры туралы нақты деректер табылмаған. Бұл бағыттағы іздестіру, зерттеу жұмыстары тоқтап қалған жоқ, әлі де көп жайттың анық-қанығына көз жеткізуге тура келеді. 106-кавалериялық дивизия туралы ақпарат жинау барысында архив қызметкерлері үндеуіне орай осы дивизияның жауынгері Қайырбек Қапажановтың қызы Баткен Қайырбекқызы хабарласып, қолда бар құнды құжаттарды түгелдей әкеліп, мемлекеттік архив қорына тапсырды. Іздестіру, зерттеу жұмыстары нәтижесінде 106-кавалериялық дивизияның 1942 жылдың маусымында із-түзсіз кеткен аға саяси жетекшісі Сағадат Құлмағамбетовтің тағдырына қатысты біраз мағлұмат алынды.

Мұның тағы бір біз үшін айрықша мәнге ие болу себебі, Ақмола топырағында құрылып, құрамына Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Семей, Солтүстік Қазақстан сияқты бірнеше облыстан арнайы іріктеуден өткен азаматтардың енуі еді. Алғашында дивизия командирі болып майор Михаил Панков есімді азамат тағайындалса, кейін ол басқа бөлімге ауыстырылып, бұрын әскери саяси қызметте болған, 1939 жылдан бастап Қазақстанның жеңіл және тамақ өнеркәсібі халық комиссары қызметін атқарған ақмолалық Нұрқан Сейітов тағайындалғаны, ал 106-атты әскер дивизиясының саяси бөлімін сол кездегі Ақмола облыстық партия комитетінің хатшысы Сағадат Құлмағамбетов басқарғаны нақтыланып отыр.

106-атты әскер дивизия туралы ресми деректер табылмағандықтан, күні кешеге дейін олардың есімі тасада қалып, соғысқа қатысқаны туралы деректер жоққа шығарылып келген болатын. Кейінгі іздестірулер нәтижесінде табылған архив құжаттары дивизияда аттылы 4092 адамның, оларда бар-жоғы 102 винтовка, 68 миномет пен 3100 қылыш болғанын растады. Қарап тұрсаңыз, қазақтың аттылы сарбаздары жаудың танкілері мен пулеметтеріне қарсы шабуылдап, көзсіз ерлікке барған. Неміс әскері оларды ылдиға қарай ығыстырып, сайдың түбіне жиналған сәтінде үстінен оқты қарша боратып, шарасыз халге түсірген. Харьковтың Красноград ауданына қарасты елді мекендер мен бауырластар зираттарына зерттеу жүргізу кезінде 200-ден аса атты сарбаз есімінің жаңғыртылуы Екінші дүниежүзілік соғыстың «ақтаңдақ» беттерін ашудағы айтулы оқиға саналады.

Нақты дерекке сүйенсек, майданға дейін арнайы жауынгерлік дайындықтан өткен дивизия 1941 жылы 6 қарашада Ақмоладан аттанып, Пенза облысының Беково ауданына жеткізіледі. Сол жерде 61-армия құрамына енгізіліп, одан кейін Батыс майданы сапында Мичурин қаласының аудандарына жөнелтіледі







Ақмола қаласы аумағында 1941 жылы тамызда 387-атқыштар дивизиясын құру туралы бұйрық шығарылып, дивизияның 5 қарашада толық жасақталып біткені, оның құрамындағы жауынгерлердің басым бөлігі Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай сияқты солтүстік өңірлерден жасақталғаны, қорымыздың Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты тарихи құжаттармен толыға түсуіне, зерттеу жұмыстары аясының кеңейіп, мұрағат саласы қызметкерлерінің іс-тәжірибесін жаңаша қалыптастыруға ықпал еткені рас. Бұл дивизияның ерекшелігі, оған 36 мен 40 жас шамасындағы әскери борышын өтеп келгендер алынды. Олардың 60 пайызы аумақтық бөлімшелерде қызмет атқарып жүргендер мен жалпыға бірдей міндетті әскери дайындықтан өткен сарбаздар десек, қатардағы құрамның 60 пайызы Азамат соғысына қатысқандар еді, яғни 1898-1899 жылы туғандар болатын.

Орта командалық құрам да соған сәйкес іріктелген, осал жандар емес еді. Кадрлық командирлер мен әскери оқу орындарын бітіргендер, яғни басым көпшілігі Алматы атқыштар училищесінде оқыған лейтенанттар, командалық құрамның біліктілігін арттыру курстарынан өткен лейтенанттар еді.

Нақты дерекке сүйенсек, майданға дейін арнайы жауынгерлік дайындықтан өткен дивизия 1941 жылы 6 қарашада Ақмоладан аттанып, Пенза облысының Беково ауданына жеткізіледі. Сол жерде 61-армия құрамына енгізіліп, одан кейін Батыс майданы сапында Мичурин қаласының аудандарына жөнелтіледі.

Қазақстандық дивизия 1942 жылдың басында Сталинград майданында Паулюс армиясын қоршаудан шығаруға көмекке келген генерал-фельдмаршал Эдуард фон Манштейн басқарған «Дон» тобын талқандауға қатысады. Сонымен қатар даңқты дивизияның Новочеркасск, Севастополь, Қырым қалаларын азат етудегі ұшантеңіз ерлігі тарихи құжаттарда сайрап тұр. Тағы бір маңызды дерек – 1944 жылы 24 сәуірде Перекоп шетіндегі шабуыл операциясына сәтті қатысқаны үшін Жоғарғы Бас қолбасшының №0102 бұйрығымен «Перекоп 387-атқыштар дивизиясы» атағына ие болуы еді.

Ақмолада 1941 жылдың 15 желтоқсанында құрылған 29-атқыштар дивизиясы туралы да архив деректері бірнеше маңызды мағлұматты алға тартады. 1942 жылы сәуір айының басында 29-дивизияның бөлімдері Тула облысына жөнелтіледі. Ал шілдеде Сталинград шайқасына қатысып, неміс әскеріне қарсы жойқын ұрыста, 1943 жылғы қаңтардың 10-ы мен 31-і аралығында 5200-ге жуық жаудың көзін жойып, 13 мыңға жуық неміс, румын әскері мен офицерін, соның ішінде екі генералды тұтқынға түсіреді. Сталинград үшін шайқаста көрсеткен ерен ерлігі үшін 29-атқыштар дивизиясы 72-гвардиялық атқыштар дивизиясы болып қайта құрылғаны тарихтың тағылымды беттерінде қаттаулы.

Қазақстандық дивизияның Курск доғасы, Харьков, Красноград, Кировоград қалалары үшін болған қиян-кескі шайқастардағы, сонымен қатар Румыния, Трансильвания, Венгрия, Австрия және Чехословакия елдерін немістерден азат етудегі есепсіз ерлікке толы жанқиярлығы халық жадынан ешқашан өшпек емес. Дивизияға Красноград қаласын азат етудегі ерлігін есте сақтау мақсатында Красноградская құрметті атағының берілуі, Кировоградты азат еткені үшін 1944 жылы қаңтарда Қызыл Ту орденіне ие болуы, дивизия құрамындағы 18 мыңнан астам офицер мен жауынгердің орден, медальдармен марапатталуы, 31-і Кеңес Одағының Батыры атануы, 2850 шақырымды басып өтіп, жаудан 721 елді мекенді, 13 ірі қаланы азат етуі айтқанға оңай болғанмен, сол жолдардың бұралаң-бұлтарысынан қаншама азапты жылдардың азынаған үні естіліп, есіл ерлердің тауқыметті тағдырын шертетін шежіре тұнып тұр.

Жалпы мұрағат қорында Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбын қамтитын архив материалдарын тізімдеу мен жинаудың өзіндік үлгісі қалыптасқан. Атап айтар болсақ, Сталинград шайқасына қатысушылар «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен қатысушыларының жеке тектік құжаттар жинағы» архив қорының жеке тізіміне алынса, ал осы қанқасап жағдайды тікелей бастан кешкен жиырма майдангердің өмірбаяндық дерегінен жеке бөлім жасақталған болатын. Бұлардың арасында Ақмола қаласынан бір азамат, ал Ақмола облысынан бес жерлесіміз бар.

Мысалы, жеке тектік қорға енген майдангер, өлкетанушы Андрей Дубицкийдің қоры көп мағлұматқа қанықтырады. Әрі көпшілік тарапынан сұраныс көп. Мұның себебі де жоқ емес. Өйткені оның құжаттары ішінен 310 және 72-атқыштар дивизияларының ұрыс алаңындағы іс-қимылдары, Сталинград маңындағы сұрапыл шайқастың әрбір сәті, сол кезеңдердегі фотосуреттер, сондай-ақ соғыстан кейінгі жылдардағы Белая Церковь, Красноград, Сталинград, Волгоград қалаларында 72-нші (29-ыншы) гвардиялық дивизия ардагерлерінің кездесулері хақында баяндайтын қолжазбалар, повестер мен әңгімелер түріндегі естеліктер сияқты т. б. алуан сипатты құнды дүниелер ұшырасады.

Сондай жеке қорлардың ішінде соғыстан соң «Акмолинская правда», «Коммунизм нұры» және «Целинный край» басылымдарында, ал 1965-1990 жылдары Целиноград телеарнасында жауапты қызметтер атқарған ардагер-жазушы Қажымұрат Рахимовтың жеке қоры да көпшілікті бей-жай қалдырмайды. Ол соғыс тақырыбына көп қалам тербеді. Бұл айтқанымызға «Полк туы» повесі (1969 ж.), «Қызғалдақ» («Красный мак», 1972 ж.), «Жаңғырық» («Эхо», 1993 ж.) повестері мен әңгімелер жинағы жарқын дәлел болмақ.

Архив қоймасы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ақмолалықтардың тылдағы ерен еңбегі мен майдан даласындағы есепсіз ерлігі туралы деректер мен құнды құжаттардан кенде емес. Ақмола облысынан 9783 жауынгер соғысқа аттанса, олардың 7414-і туған жерге оралып, бейбіт өмірмен қайта қауышыпты. Ақмолалық жауынгерлердің арасынан 38 адам Кеңес Одағының Батыры атағын иеленген екен. Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Сағадат Нұрмағамбетов, Рақымжан Қошқарбаев сынды басқа да алып тұлғалардың архивтегі жеке қорларында сақталған құжаттар бүгінде тарихи құндылыққа баланып, ұлт болмысына тән өрлік пен батырлықтың дәстүрлі жалғасындай қымбат саналады. Арада 80 жыл өтсе де, майдан іздерінен әңгімеге арқау болар асылдарымыз бен ардақты тұлғаларымыз әлі де аз емес. Олардың бейбітшілік пен тыныштықты, азаттық пен теңдікті аңсаған биік мұраты мен асқақ рухы көңілімізден көшпейді, санамыздан өшпейді.





**_Жангелді БИМОЛДИН,_**
**Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры**

## ДҮЙСЕНБІ
### 30 ЖЕЛТОҚСАН

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Жақсылықпен кел, Жаңа жыл!».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «САБАЗ БЕН СҰЛУ». Телехикая.
12:00 Дисней ұсынады: «Моана».
13:35 «Мақтаншақ қыз». Мультфильм
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Жарылқа, Жаңа жыл!»
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «Қызық екен...». Интеллектуалды телевикторина.
18:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». Телехикая.
19:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «Көңіл толқыны»
21:25 «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». Телехикая.
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая.
23:15 «Жар-Жар». Көркем фильм (Қазақстан, 2023 ж).
1:40 «Сана»
2:40 «Жақсылықпен кел, Жаңа жыл!»

---

5:00 "Кім мықты"
7:00 "Оян!"
9:00 Мультсериал. "Панда и киви"
10:15 Мультфильм. "Королевский корги"
11:30 "Тамаша"
12:00 Нарезки. "Cover show"
13:00 Телехикая. "Келінжан 2"
14:00 Телехикая. "Өмір ғажап"
16:00 Телесериал. "Мажор 2"
18:00 "President"
18:30 Новости
19:00 "Әлеумет"
19:30 Жаңалықтар
20:00 Телехикая. "Өмір ғажап"
21:45 Телесериал. "Мажор 2"
23:30 Кино. "Елки"

**ASTANA TV**

06.00 «Лакшми» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультсериал
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
10.00 «Танцор Диско» Индийское кино
12.50 «Шымкент шоу»
15.20 «Пять причин не влюбиться в казаха» Худ.фильм
17.00 «Алые паруса» Классика советского кино
18.25 «Осман» телехикаясы
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
21.55 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман» телехикаясы
00.40 «Келинка тоже человек 2» Худ.фильм

---

6:00 «СИНЯЯ КНИГА» телехикаясы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ В ИЗУМРУДНОМ ГОРОДЕ»
11:05 «МОЯ МОРЯЧКА»
12:25 «ЗАГАДАЙ ЖЕЛАНИЕ»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПАНСИОНАТ СКАЗКА, ИЛИ ЧУДЕСА ВКЛЮЧЕНЫ»
0:20 «НУ, ЗДРАВСТВУЙ, ОКСАНА СОКОЛОВА!»
2:30 «П@УTINA» бағдарламасы
3:45 «П@УTINA» бағдарламасы

**КТК**

7:05 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!"
8:55 "НАМЫС", өзбек телехикаясы.
10:30 "НОВОГОДНЕЕ СЧАСТЬЕ"
15:00 "АНЖЕЛИКА", мелодрама
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "РОЖДЕСТВО В ХАРТЛЭНДЕ", мелодрама. (худ.фильм)
23:50 "РОЖДЕСТВО С БЫВШИМИ", остросюжетная драма. (худ.фильм)
1:30 "АНЖЕЛИКА", мелодрама (худ. фильм) (повтор)
3:30 "ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА"
5:05 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (қайталау)

**31**

06:00 Әзіл студио
06:30 Time Vine
07:00 «Ән мен әнші»
08:30 Мультсериал «Маша и медведь»
09:40 «Супер 8» (повтор)
12:20 «Три богатыря и Шамаханская царица»
14:10 «Тайна печати дракона» (повтор)
17:00 КИНО. Крис Пратт в фантастическом боевике «Война будущего» (повтор)
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. Премьера! Еламан Есентаев в комедии «Родной 2»
23:10 КИНО. Майкл Дуглас в боевике «Игра на выживание»
01:10 «Ән мен әнші – Жаңа жыл 2016»
02:30 Time Vine
03:00 TikTok show
03:20 What's up?
04:00 Әзіл студио
04:20 1001 Әзіл
04:30 BALA BATLLE

**7**

6:02 "Абысындар-2". Телехикая.
8:00 "Жарқыраған жұлдыз"
8:40 "ЮМОРИНА"
10:00 «Великолепный век. Хюррем». Телесериал.
11:00 Художественный фильм
13:00 Художественный фильм
15:00 Мега-шоу "Маска KAZAKHSTAN"
17:00 "АБЫСЫНДАР-2". Телехикая.
19:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая. (Түркия)
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ». Телесериал.
21:00 Художественный фильм
23:00 Жаңа Жыл Party с Динарой Сатжан
1:00 МЕГА-ШОУ "Таптым-ау сені"
3:00 Бүркіт пен Аишаның шығармашылық ән кеші
4:40 "ШАНШАР"

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 «ГНОМЫ В ДОМЕ»
09.30 «КУНГ-ФУ ПАНДА: ТАЙНА НЕБЕСНОЙ ПЯТЕРКИ» (анимационный короткометражный фильм)
10.00 «ANGRY BIRDS В КИНО» (анимационный фильм)
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 «ЗОЛУШКА» (мюзикл-сказка, Камила Кабелло, Пирс Броснан, Билли Портер)
18.20 «БИТВА ТИТАНОВ» (фантастический боевик, Сэм Уортингтон, Джемма Артентон, Рэйф Файнс)
20.20 «ЧАС ПИК 2»
22.00 «ДЕНЬ КУРКА»
00.10 «ДРУГОЙ МИР: ВОЙНЫ КРОВИ»
01.50 «Қызық Live» (каз.)
02.30 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.50 Телехикая «Достық 99» (каз.)
04.20 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ
### 31 ЖЕЛТОҚСАН

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «БЕРЕКЕЛІ ЖЫЛ БОЛСЫН!»
8:25 «МОАНА» МУЛЬТФИЛЬМ
10:00 «САБАЗ БЕН СҰЛУ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 «ЭНКАНТО» МУЛЬТФИЛЬМ
13:40 «МОМЫН МЕН ҚАРАҚШЫЛАР». МУЛЬТФИЛЬМ
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 ТҰСАУКЕСЕР! «ЕРКЕБАЙ». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (ҚАЗАҚСТАН, 2023 Ж.)
19:00 ТҰСАУКЕСЕР! «ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚША БИЗНЕС».
21:00 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ - 2025!»
23:50 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ
0:00 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ - 2025!» (ЖАЛҒАСЫ)
1:30 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ - 2025!»
4:05 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!»

---

5:00 "ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА"
7:00 "ОЯН!"
9:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. "УМКА"
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.
12:00 "ТАМАША"
13:15 "РЕТРО ДИСКОТЕКА"
14:30 КИНО. "ЕЛКИ"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "МАЖОР 2"
18:00 КАЗАХСТАНСКОЕ КИНО.
20:00 "ҚЫЗЫҚ ПРЕМИЯ 2024"
22:00 "ҒАЖАЙЫП ТҮН 2025" 1-БӨЛІМ
23:50 "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЫ"
0:00 "ҒАЖАЙЫП ТҮН 2025" 2-БӨЛІМ
1:00 "ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ХАБАРЫ"
3:00 СБОРНИК. "GRAND HOTEL KHABAR"

**ASTANA TV**

06.00 «Жап жаңа жыл!»
07.20 «Маша и медведь» мультсериал
10.00 «Танцуй, танцуй» Индийское кино
13.00 «Махаббат әлемі»
15.30 «Не может быть»
17.10 «Қош келдің, ЖАҢА ЖЫЛ!»
19.50 «Шаншар» Тұсаукесер!
22.25 «Астана түні»
23.50 Мемлекет басшысының жаңа жылдық құттықтауы
00.00 «Астана түні» мерекелік бағдарламасы

---

6:00 «СИНЯЯ КНИГА» телехикаясы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!».
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!».
10:00 «НОВОГОДНИЙ ПЕРЕПОЛОХ»
11:05 «ДЕДА МОРОЗА НЕ БЫВАЕТ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Мерекелік шығарылым
17:30 Премьера. «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ»
19:10 Премьера. Фильм «ОДНА ДОМА»
20:45 НОВОГОДНЯЯ НОЧЬ НА ПЕРВОМ. «30 ЛЕТ ВМЕСТЕ»
23:50 НОВОГОДНЕЕ ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РК КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА
0:05 НОВОГОДНЯЯ НОЧЬ НА ПЕРВОМ. «30 ЛЕТ ВМЕСТЕ»

**КТК**

7:05 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!", жаңа жылдық музыкалық халықтық-шоу
9:25 "РОЖДЕСТВО С БЫВШИМИ", остросюжетная драма (повтор)
11:20 "РОЖДЕСТВО В ХАРТЛЭНДЕ", мелодрама. (повтор)
13:20 "АНЖЕЛИКА"
17:50 "РОЖДЕСТВО В МОНТАНЕ", мелодрама. (худ.фильм)
19:30 "ТРИ ДНЯ ДО РОЖДЕСТВА", мелодрама. (худ.фильм)
21:00 "БОЛЬШОЙ НОВОГОДНИЙ КОНЦЕРТ".
22:30 "ӘН МЕН ӘНШІ. ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ДУМАНДЫ КЕШ!", жаңа жылдық ән шашу! КТК-да
23:55 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЫ
2:05 "ӘН МЕН ӘНШІ. ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ДУМАНДЫ КЕШ!", жаңа жылдық ән шашу! КТК-да (жалғасы)
3:30 "ШАНШАР". Жаңа жылдық әзіл мен ән думаны

**31**

06:00 «Жаңа жыл жарылқасын!»
07:00 Мультсериал «Маша и медведь»
07:50 «Шаншар 2023» мерекелік әзіл-сықақ концерті
11:30 КИНО. Премьера! Еламан Есентаев в комедии «Родной 2» (повтор)
13:40 Анимационный фильм «Холодное сердце 2»
15:50 КИНО. Маколей Калкин в комедии «Один дома»
18:20 КИНО. Маколей Калкин в комедии «Один дома 2: Затерянный в Нью-Йорке»
21:00 КИНО. Эмма Уотсон в фэнтези «Красавица и чудовище»
23:50 ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңажылдық құттықтауы
00:00 Өнер қырындары әзіл-сықақ театрының «Отбасылық концерт» мерекелік кеші
02:00 Қайрат Нұртастың «Гравитация Хитмэна» концерті
04:00 «Жаңа жыл жарылқасын!»

**7**

6:02 "ШАНШАР"
6:50 Концерт
8:20 Художественный фильм
10:00 ДИСКОТЕКА 80-Х
13:20 Художественный фильм
16:40 Художественный фильм
20:00 КОНЦЕРТ
22:00 «ЖАРҚЫРАҒАН ЖАҢА ЖЫЛ-2025». Жаңажылдық бағдарлама
23:50 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЫ
0:01 «ЖАРҚЫРАҒАН ЖАҢА ЖЫЛ-2025». Жаңажылдық бағдарлама
3:31 ДИСКОТЕКА 80-Х

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 «ANGRY BIRDS В КИНО» (анимационный фильм)
09.40 «БОБ УХОДИТ В ОТРЫВ» (анимационный короткометражный фильм)
10.00 «ШПИОН ПО СОСЕДСТВУ» (семейная комедия, Джеки Чан, Эмбер Валетта)
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
15.00 «ЧАС ПИК 2» (комедийный боевик, Джеки Чан, Крис Такер)
17.00 «ДЖУМАНДЖИ: НОВЫЙ УРОВЕНЬ» (семейное фэнтэзи, Дуэйн Джонсон, Джек Блэк)
19.30 «ЧАС ПИК 3» (комедийный боевик, Джеки Чан, Крис Такер)
21.20 «ШРЕК НАВСЕГДА» (анимационный фильм)
23.00 «ШРЕК МОРОЗ, ЗЕЛЁНЫЙ НОС» (анимационный короткометражный фильм)
23.20 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. НОВЫЙ ГОД!»
23.50 НОВОГОДНЕЕ ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РК К.ТОКАЕВА
00.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. НОВЫЙ ГОД!»
01.30 – 05.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ. НОВЫЙ ГОД!»

## СӘРСЕНБІ
### 1 ҚАҢТАР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖАРЫЛҚА, ЖАҢА ЖЫЛ!»
7:30 «ЕРКЕБАЙ». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (ҚАЗАҚСТАН, 2023 ЖЫЛ)
9:00 «БЕРЕКЕЛІ ЖЫЛ БОЛСЫН!»
10:10 «ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚША БИЗНЕС». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (2021 Ж.)
12:00 ДИСНЕЙ ҰСЫНАДЫ: «МҰЗДЫ ӨЛКЕ 1». МУЛЬТФИЛЬМ
13:30 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ - 2025!»
17:00 «КЕЗДЕЙСОҚ ӘКЕ». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (ҚАЗАҚСТАН, 2020 Ж.)
18:20 ДИСНЕЙ ҰСЫНАДЫ: «ЭНКАНТО» МУЛЬТФИЛЬМ
20:00 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (АҚШ, 1990 Ж.)
21:45 ТҰСАУКЕСЕР! «НУРИКАМАЛ». КӨРКЕМ ФИЛЬМ
23:25 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰП». МЕГА ЖОБА
1:10 «КЕЗДЕЙСОҚ ӘКЕ». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (ҚАЗАҚСТАН, 2020 Ж.)
2:25 «ӘН МЕН ӘНШІ»

---

5:00 "ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА"
8:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. "УМКА"
9:45 МУЛЬТФИЛЬМ. "КРАСНЫЕ ТУФЕЛЬКИ И СЕМЬ ГНОМОВ"
11:15 МУЛЬТФИЛЬМ. "СЕМЕЙКА БИГФУТОВ"
13:00 КАЗАХСТАНСКОЕ КИНО. ТЕХПОВТОР ОТ 31.12
15:00 "ҚЫЗЫҚ ПРЕМИЯ 2024"
17:00 "РЕТРО ДИСКОТЕКА"
18:00 КОНЦЕРТ. "KALIFARNIYA"
20:00 КИНО. "ӘКІМ ӘЙЕЛ"
22:00 КИНО. "ЕЛКИ 2"
0:00 КОНЦЕРТ. "ASPAN FM" РАДИОСЫНЫҢ 1 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШ

**ASTANA TV**

06.00 «ЖАП ЖАҢА ЖЫЛ!»
07.20 «КЕЛИНКА ТОЖЕ ЧЕЛОВЕК»
09.00 «АЛПАРСЛАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
10.00 «ЗИТА И ГИТА» ИНДИЙСКОЕ КИНО
12.30 МУЗАРТ» КОНЦЕРТІ
14.10 «АЛЫЕ ПАРУСА»
15.50 «АСТАНА ТҮНІ» МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ
18.50 «ӘН МЕН ӘНШІ» ТҰСАУКЕСЕР!
21.00 «АЛПАРСЛАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21.55 «АДАСҚАН СЕЗІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
23.10 «АДАМ БОЛ» ХУД.ФИЛЬМ
00.40 «ЖАП ЖАҢА ЖЫЛ!»

---

7:00 «ТАМАША CITY» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:10 «ЗОЛУШКА»
9:30 ПРЕМЬЕРА. «КТО ПРИДУМАЛ НОВЫЙ ГОД?»
10:30 МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ «3 + 3?»
13:45 «ЛАСТОЧКИНО ГНЕЗДО»
17:00 ПРЕМЬЕРА. «ЛУЧШЕ ВСЕХ!»
18:30 «ИРОНИЯ СУДЬБЫ. ПРОДОЛЖЕНИЕ»
20:35 «ТРИ АККОРДА».
23:30 «ГРУЗЧИКИ»
1:10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ «МАСТЕР И МАРГАРИТА»
2:45 «П@УTINA» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:30 «ТАМАША CITY» БАҒДАРЛАМАСЫ

**КТК**

8:05 "ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА"
9:30 "ӘН МЕН ӘНШІ", ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ӘН ШАШУ
11:20 "БОЛЬШОЙ НОВОГОДНИЙ КОНЦЕРТ", (ПОВТОР)
12:30 "РОЖДЕСТВО В МОНТАНЕ", МЕЛОДРАМА (ПОВТОР)
14:10 "ТРИ ДНЯ ДО РОЖДЕСТВА", МЕЛОДРАМА (ПОВТОР)
15:50 "АНЖЕЛИКА", МЕЛОДРАМА (ХУД. ФИЛЬМ)
17:50 "ШАНШАР", ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ӘЗІЛ МЕН ӘН ДУМАН КЕШІ.
21:30 "ЖЕНА РОБИНЗОНА", МЕЛОДРАМА. (ХУД.ФИЛЬМ)
23:30 "НОВОГОДНИЙ ШЕФ", МЕЛОДРАМА. (ХУД.ФИЛЬМ)
1:10 "ӘН МЕН ӘНШІ.
2:30 "ONE HIT". ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ӘН ШАШУ
4:45 "ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА", КӨРКЕМ ФИЛЬМ (ҚАЙТАЛАУ)

**31**

06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
06:30 TIME VINE
07:00 «ЖАҢА ЖЫЛ ЖАРЫЛҚАСЫН!»
09:30 АНИМАЦИОННЫЙ ФИЛЬМ «БУКА. МОЁ ЛЮБИМОЕ ЧУДИЩЕ»
11:00 ӨНЕР ҚЫРЫНДАРЫ ӘЗІЛ-СЫҚАҚ ТЕАТРЫНЫҢ «ОТБАСЫЛЫҚ КОНЦЕРТ» МЕРЕКЕЛІК КЕШІ
13:00 АНИМАЦИОННЫЙ ФИЛЬМ «ХОЛОДНОЕ СЕРДЦЕ 2» (ПОВТОР)
14:40 КИНО. МАКОЛЕЙ КАЛКИН В КОМЕДИИ «ОДИН ДОМА»
16:20 «ОДИН ДОМА 2: ЗАТЕРЯННЫЙ В НЬЮ-ЙОРКЕ»
18:20 КИНО. МАРТИН ФРИМАН В ФЭНТЕЗИ «ХОББИТ: НЕЖДАННОЕ ПУТЕШЕСТВИЕ» (ПОВТОР)
21:05 «АЛЕКСАНДР»
23:55 КИНО. МЕГАН ПАРК В КОМЕДИИ «ЖИЛ-БЫЛ ПРИНЦ»
01:20 «31 ӘЗІЛ»
02:30 TIME VINE
03:00 TIKTOK SHOW
03:30 WHAT'S UP?
04:00 ӘЗІЛ СТУДИО
04:20 1001 ӘЗІЛ
04:30 BALA BATLLE

**7**

6:02 "ШАНШАР"
8:00 «Жарқыраған жаңа жыл-2025». Жаңажылдық бағдарлама
10:00 Художественный фильм
13:10 Художественный фильм
16:30 Дискотека 80-х. Лучшее. Ретроконцерт
18:20 Анимационный фильм
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ». Телесериал.
21:00 Художественный фильм
22:40 Художественный фильм
0:20 «Жарқыраған жаңа жыл-2025». Жаңажылдық бағдарлама
2:20 Концерт

**НТК**

08.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.40 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «MY LITTLE PONY В КИНО» (анимационный фильм)
10.40 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ В КИНО» (анимационный фильм)
12.00 «ЭЛВИН И БУРУНДУКИ» (семейное фэнтэзи-анимация)
13.20 «ЧАС ПИК 3» (комедийный боевик, Джеки Чан, Крис Такер)
15.00 «ГНЕВ ТИТАНОВ» (фантастический боевик, Сэм Уортингтон, Рэйф Файнс)
16.40 «ЛЮДИ В ЧЁРНОМ: ИНТЕРНЭШНЛ» (фантастический боевик, Крис Хемсворт, Лиам Нисон, Тесса Томпсон)
18.40 «АКВАМЕН» (семейное фэнтэзи, Джейсон Момоа, Эмбер Хёрд, Николь Кидман)
21.10 «ГЕРАКЛ» (фантастический боевик, Дуэйн Джонсон, Джозеф Файнс)
22.50 «ТЕЛОХРАНИТЕЛЬ НА ФРИЛАНСЕ» (комедия, Джон Сина, Элис Ив, Кристиан Слейтер)
00.50 «ЧОКНУТЫЙ ПРОФЕССОР 2: СЕМЬЯ КЛАМПОВ» (комедия, Эдди Мёрфи, Джанет Джексон)
02.30 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз. Новогодний)
04.20 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## БЕЙСЕНБІ
### 2 ҚАҢТАР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!»
8:30 ДИСНЕЙ ҰСЫНАДЫ: «МҰЗДЫ ӨЛКЕ 1». МУЛЬТФИЛЬМ
10:00 «САБАЗ БЕН СҰЛУ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 ДИСНЕЙ ҰСЫНАДЫ: «МҰЗДЫ ӨЛКЕ 2». МУЛЬТФИЛЬМ
13:35 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (АҚШ, 1990 Ж.)
15:20 «САҒЫНДЫРҒАН-ӘНДЕР-АЙ!»
16:20 «НУРИКАМАЛ». КӨРКЕМ ФИЛЬМ
18:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». ТЕЛЕХИКАЯ. 203-БӨЛІМІ
19:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА-2». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (АҚШ, 1992 Ж.)
22:00 «САҒЫНДЫРҒАН-ӘНДЕР-АЙ!»
23:15 ТҰСАУКЕСЕР! «IQANAT OFF-LINE». ТЕЛЕХИКАЯ.
1:00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
2:15 «БІРЕГЕЙ». ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ
3:00 «АТАМЕКЕН»

---

5:00 Концерт архивный.
6:00 Сборник. "Жаңа жылдық топтама"
8:00 Мультсериал. "Умка"
9:30 Мультфильм. "Семейка бигфутов"
11:00 Мультфильм. "Стань легендой, бигфут младший"
13:00 Кино. "Әкім әйел"
15:00 Кино. "Елки 2"
17:00 "Ретро дискотека"
18:00 Концерт.
20:00 Кино. "Біз екеуміз"
22:00 Кино. "Елки 3"
0:00 Концерт. "Kalifarniya"

**ASTANA TV**

06.00 «Жап жаңа жыл!»
07.20 «Келинка тоже человек 2» Худ. фильм
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
10.00 «Жажда мести» Индийское кино
13.00 «Менің туған күнім ғой! Ақбота Керімбекованың концерті
15.00 «Мимино» Худ.фильм
16.45 «Не может быть» Худ.фильм
18.25 «Осман» телехикаясы
20.00 «Шаншар»
21.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
21.55 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман» телехикаясы
00.40 «Семьянин» Худ.фильм
02.00 «Жап жаңа жыл!»

---

**СУРЕТ СЫРЫ**

# КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ КҮЙ СЫЙЛАҒАН «ТАМАША»

Қазақ эстрадасының белгілі майталмандары, республикаға еңбегі сіңген артистер Құдайберген Сұлтанбаев пен Тұңғышбай Жаманқұлов бастаған бір топ өнер шебері 8-10 ақпан 1991 жылы Тың игерушілер сарайында 5 концерт беріп, көрерменді күлкіге қарық қылды.

Орынды өткір сөз, әрнекті әсем әзіл-оспақ, керемет келемеж, кейіпкерін айнытпай қаз-қалпында бейнелеуі, тамылжыта орындалған ән күлдіртті, сүйсінтті, қол соқтырды.

Сын-сатира шеберлері көпшіліктің ойынан шығар, қоғамдық-әлеуметтік мағыналы сөздерді жиналған қауым жүрегіне жеткізе айтып отырды. Тұңғышбай Жаманқұловтың жан дүниесімен беріле орындаған «Барып қайт, балам, ауылға» әні жиналған қауымға ерекше әсер етті.

**Ғазиза ИСАХАН**



6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
7:10 «П@УТINA» бағдарламасы
8:00 Смотрим на каникулах. «МОРОЗКО»
9:25 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ».
10:10 Многосерийный фильм «СИНИЧКА»
13:45 «ЛАСТОЧКИНО ГНЕЗДО»
17:00 Премьера. «ЛУЧШЕ ВСЕХ!»
18:30 «ДЕД МОРОЗ. БИТВА МАГОВ»
20:10 «ЛЕГЕНДЫ «РЕТРО FM»
21:50 Премьера. Евгений Цыганов, Максим Лагашкин, Светлана Ходченкова в многосерийной комедии «ВЕЗЕТ»
1:10 Ночной кинотеатр. Многосерийный фильм «МАСТЕР И МАРГАРИТА»
2:45 «П@УТINA» бағдарламасы
3:30 «ТАМАША CITY» бағдарламасы

**КТК**

7:05 "ӘКЕМІЗДІҢ ЖАҢА ЖЫЛЫ"
8:30 "ӘН МЕН ӘНШІ"
12:00 "ЖЕНА РОБИНЗОНА", мелодрама
14:00 "НОВОГОДНИЙ ШЕФ", мелодрама
15:40 "ШАНШАР", жаңа жылдық әзіл мен ән думан кеші (қайталау)
19:10 "МАХАББАТ ӘЛЕМІ", жаңа жылдық ән шашу.
22:10 "ТАЙНЫЙ САНТА", мелодрама. (худ.фильм)
23:50 "САМЫЙ НОВЫЙ ГОД", мелодрама. (худ.фильм)
1:30 "ӘН МЕН ӘНШІ-2025", жаңа жылдық ән шашу
3:50 "ӘН МЕН ӘНШІ". АРМАН АСУЫ
5:00 "ӘКЕМІЗДІҢ ЖАҢА ЖЫЛЫ", жаңажылдық комедия (қайталау)

**31**

06:00 «Әзіл студио»
06:30 «Time Vine»
07:00 «TikTok show»
07:40 «Гравитация Хитмэна» концерті
09:40 «12 рождественских свиданий»
11:00 «Секретная служба Санта-Клауса»
12:30 «Снежная королева: Разморозка»
13:40 Кино. «Сен Bossың»
15:20 КИНО. Эмма Уотсон в фэнтези «Красавица и чудовище» (повтор)
17:20 «Один дома 3»
19:00 «Перси Джексон и похититель молний»
21:00 «Поймай меня, если сможешь»
21:00 «Эквилибриум»
22:50 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:30 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
02:50 «TikTok show»
03:20 «What's up?»
04:00 «Әзіл студио»
04:20 «1001 Әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:00 «What's up?»
05:20 «Ризамын»

**7**

6:02 Шығармашылық кеші
8:00 «Жарқыраған жаңа жыл-2025». Жаңажылдық бағдарлама
10:00 «Великолепный век. Хюррем».
11:00 Анимационный фильм
12:40 Художественный фильм
14:20 Художественный фильм
16:00 Фильм-сказка
17:30 Дискотека 80-х
19:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая. (Түркия)
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 Художественный фильм
23:00 Концерт
1:00 «Жарқыраған жаңа жыл-2025». Жаңажылдық бағдарлама
3:00 "ШАНШАР"

**НТК**

07.00 «Екі езу»
08.15 Көркем-фильм «Ыстық ұя» (каз.)
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ В КИНО»
10.20 «МОЯ УЖАСНАЯ НЯНЯ»
12.00 «ЭЛВИН И БУРУНДУКИ 2»
13.20 «ТИ –РЕКС. КОРОЛЬ ДИНОЗАВРОВ»
15.00 «СЕМЕЙКА АДДАМС: ГОРЯЩИЙ ТУР» (анимационный фильм)
16.40 «АКВАМЕН»
19.20 «ГЕРАКЛ»
21.00 «ЛЕДЯНОЙ ДРАЙВ»
22.50 «КАМЕНЩИК»
00.40 «ТАМ, ГДЕ РАКИ ПОЮТ»
02.30 «Қызық Live» (каз.)
03.10 «Ұ- NIGHT SHOW» (каз.)
03.50 Телехикая «Достық 99» (каз.)
04.20 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## ЖҰМА
## 3 ҚАҢТАР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «АУЫЛДАСТАР»
6:30 «ІНЖУ-МАРЖАН»
7:15 «БІРЕГЕЙ». ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ
8:00 «АТАМЕКЕН»
8:25 «МҰЗДЫ ӨЛКЕ 2». МУЛЬТФИЛЬМ
10:00 «САБАЗ БЕН СҰЛУ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 «МҰЗ ДӘУІРІ 3». МУЛЬТФИЛЬМ
13:35 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА-2».
15:45 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ - 2025!»
17:20 «ҚАҢТАР: ТҮНЕК СЕЙІЛГЕНДЕ».
18:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». ТЕЛЕХИКАЯ.
19:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА-3».
21:45 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «IQANAT OFF-LINE». ТЕЛЕХИКАЯ.
1:25 «КҮМІС КӨМЕЙ»
2:05 «АТАМЕКЕН»
2:30 «ІНЖУ-МАРЖАН»
3:15 «АУЫЛДАСТАР»

5:00 "АРХИВНЫЙ КОНЦЕРТ"
6:00 "ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА"
8:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. "УМКА"
9:15 "СТАНЬ ЛЕГЕНДОЙ, БИГФУТ МЛАДШИЙ"
11:00 "ПРИКЛЮЧЕНИЯ ПАДДИНГТОНА"
13:00 КИНО. "БІЗ ЕКЕУМІЗ"
15:00 КИНО. "ЕЛКИ 3"
17:00 СБОРНИК. "НОВЫЙ ГОД 2024"
18:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:00 "ҚАҢТАР САБАҚТАРЫ"
19:30 "ТАМАША"
20:00 КИНО. "ПАПА ПОНЕВОЛЕ"
22:00 КИНО. "ЕЛКИ 5"
0:00 КОНЦЕРТ. " "

**ASTANA TV**

06.00 «Жап жаңа жыл!»
07.20 «Коктейль для звезды» Худ.фильм
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
10.00 «Родной ребенок» Индийское кино
12.30 Заттыбек Көпбосынұлы концерті
14.40 «Жестокий романс» Худ.фильм
17.00 «Белое солнце в пустыне» Худ.фильм
18.25 «Осман» телехикаясы
20.00 «Шаншар»
21.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
21.55 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман» телехикаясы
00.40 «Замуж в 30» Худ.фильм
02.00 «Жап жаңа жыл!»

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
7:25 «П@УТINA» бағдарламасы
8:20 «ЗОЛОТАЯ КОЛЛЕКЦИЯ СОЮЗМУЛЬТФИЛЬМА»
9:25 «ПРОУЮТ». НОВОГОДНИЙ ВЫПУСК
10:10 Многосерийный фильм «СИНИЧКА»
13:45 «ЛАСТОЧКИНО ГНЕЗДО»
17:00 Премьера. «ЛУЧШЕ ВСЕХ!»
18:30 «НОВОГОДНИЙ ПЕРЕПОЛОХ»
20:00 МУЗЫКАЛЬНЫЙ ФЕСТИВАЛЬ «ГОЛОСЯЩИЙ КИВИН»
22:50 «ВЕЗЕТ»
0:55 «МАСТЕР И МАРГАРИТА»
2:25 «П@УТINA» бағдарламасы
3:10 «ТАМАША CITY» бағдарламасы

**КТК**

7:05 "ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ"
8:30 "ӘН МЕН ӘНШІ"
11:00 "ТАЙНЫЙ САНТА", мелодрама
12:40 "САМЫЙ НОВЫЙ ГОД", мелодрама
14:20 "МАХАББАТ ӘЛЕМІ"
16:50 "НАРТӘУЕКЕЛ", Заттыбек Көпбосынұлының ән шашуы.
19:20 "СӘЛЕМ, ЕВРОПА", премьера Казахстанского кино! (худ.фильм)
21:00 "КОРЗИНА ДЛЯ СЧАСТЬЯ"
1:00 "ЖЕНА РОБИНЗОНА", мелодрама
3:00 "ӘН МЕН ӘНШІ", жаңа жылдық ән шашу (қайталау)
5:30 "ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ", жаңа жылдық комедия (қайталау)

**31**

06:00 «Әзіл студио»
06:30 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
07:00 «Бука. Моё любимое чудище» (повтор)
08:30 «Секретная служба Санта-Клауса»
10:10 «Снежная королева: Разморозка»
11:30 «Кощей. Похититель невест»
12:50 «Перси Джексон и похититель молний»
15:00 «Один дома 3» (повтор)
16:50 «Один дома 4»
18:30 «Звездная пыль»
20:50 «Здравствуй, папа, Новый год! 2»
22:40 «Игры разума»
00:50 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:30 «TikTok show»
03:20 «What's up?»
04:00 «Әзіл студио»
04:20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:00 «What's up?»
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

**7**

6:02 «Q-елі»
7:00 "Сезім үшін" Телехикая. (Түркия)
7:50 "ЖАР-ЖАР" Телехикая. (Қазақстан, 2023 ж)
10:00 «Великолепный век. Хюррем». Телесериал.
11:00 Фильм-сказка
12:30 Художественный фильм
14:00 Дискотека 80-х
17:00 "АБЫСЫНДАР-2". Телехикая.
19:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая. (Түркия)
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ». Телесериал.
21:00 Художественный фильм
22:40 «ӘЗІЛ ӘЛЕМІ»
0:40 «Жарқыраған жаңа жыл-2025». Жаңажылдық бағдарлама
2:10 "ӘЗІЛ MAN"
2:50 Концерт
4:20 "АЛДАРАСПАН"

**НТК**

07.00 «Екі езу» (каз.)
08.15 Көркем-фильм «Туған күн» (каз.)
09.00 «ТИ –РЕКС. КОРОЛЬ ДИНОЗАВРОВ»
10.30 «МОЯ УЖАСНАЯ НЯНЯ 2»
12.20 «ЭЛВИН И БУРУНДУКИ 3»
13.40 «СЕМЕЙКА АДДАМС: ГОРЯЩИЙ ТУР» (анимационный фильм)
15.20 «БОЛЬШОЙ КРАСНЫЙ ПЁС КЛИФФОРД»
17.10 «ЛЕДЯНОЙ ДРАЙВ»
19.10 «КАМЕНЩИК»
21.00 «КОНГ: ОСТРОВ ЧЕРЕПА» (фантастический боевик, Том Хиддлстон, Сэмюэл Л.Джексон)
23.00 «КООРДИНАТЫ «ЦИТАДЕЛЬ» (боевик, Мишель Монахен, Джай Кортни, Джейсон Кларк)
00.30 «ТЕККЕН»
02.00 «Қызық Live» (каз.)
02.40 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## СЕНБІ
## 4 ҚАҢТАР

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Ауылдастар»
6:30 «Қызық екен...». Интеллектуалды телевикторина.
7:15 «Көңіл толқыны»
8:20 Дисней ұсынады: «Мұз дәуірі 3: динозаврлар кезеңі». Мультфильм
10:00 «САБАЗ БЕН СҰЛУ». Телехикая.
12:00 ТҰСАУКЕСЕР! Дисней ұсынады: «МҰЗ ДӘУІРІ 4: ҚҰРЛЫҚТАРДЫҢ ЖЫЛЖУЫ». Мультфильм
13:25 «Үйде жалғыз қалғанда-3». Көркем фильм (АҚШ, 1997 ж.)
15:10 «ДАРА БАЛА»
16:15 Қуандық Рахымның концерті
17:00 АҚПАРАТ
17:20 Қуандық Рахымның концерті
18:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». Телехикая.
19:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». Телехикая.
20:00 ТҰСАУКЕСЕР! Дисней ұсынады: «МУЗЕЙДЕГІ ТҮН». Көркем фильм (АҚШ, Ұлыбритания, 2006 ж.)
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая.
23:15 «IQANAT OFF-LINE» Телехикая.
1:15 АҚПАРАТ
1:35 «ӘЛЕМНІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП КӨРІНІСТЕРІ». Деректі фильм. (Ұлыбритания, 2021 ж.)
2:35 «Атамекен»

5:00 "АСЫЛ ҚАЗЫНА"
6:00 КОНЦЕРТ. "ЕРТЕҢІМЕ СЕНЕМІН" РОЗА РЫМБАЕВА
8:30 МУЛЬТСЕРИАЛ. "МОНСИКИ"
10:00 "ПРИКЛЮЧЕНИЯ ПАДДИНГТОНА"
11:30 МУЛЬТФИЛЬМ. "ПРИКЛЮЧЕНИЯ ПАДДИНГТОНА 2"
13:00 КИНО. "ПАПА ПОНЕВОЛЕ"
15:00 КИНО. "ЕЛКИ 5"
17:00 "ҒАЖАЙЫП ТҮН 2025"
20:00 КИНО. "МОЯ БОЛЬШАЯ КАЗАХСКАЯ СЕМЬЯ"
22:00 КИНО. "ЕЛКИ НОВЫЕ"
0:00 "АРХИВНЫЙ КОНЦЕРТ"

**ASTANA TV**

06.00 «Жап жаңа жыл!»
07.20 «Коктейль для звезды 2» Худ.фильм
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
10.00 «Семейное счастье» Индийское кино
13.00 «Белое солнце в пустыне» Худ.фильм
14.30 «Мимино» Худ.фильм
16.10 «Астана түні»
18.25 «Осман» телехикаясы
20.00 «Астана түні»
21.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
21.55 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман»телехикаясы
00.40 «МногоДедный» Худ.фильм

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
7:25 «П@УТINA» бағдарламасы
8:15 «ЗОЛОТАЯ КОЛЛЕКЦИЯ СОЮЗМУЛЬТФИЛЬМА»
9:20 «ПОЕХАЛИ!». НОВОГОДНИЙ ВЫПУСК
10:10 Многосерийный фильм «СИНИЧКА»
13:45 «ЕЛКА НА МИЛЛИОН»
17:00 Премьера. «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ». Финал
18:45 «КТО ВЫЗВАЛ АНИМАТОРА?»
20:35 «ЛЕКАРИ ДУШ»
0:20 «МАСТЕР И МАРГАРИТА»
1:50 «П@УТINA» бағдарламасы
2:35 «ТАМАША CITY» бағдарламасы

**КТК**

7:05 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ"
8:15 "ӘН МЕН ӘНШІ"
10:30 "КОРЗИНА ДЛЯ СЧАСТЬЯ"
14:00 "СӘЛЕМ, ЕВРОПА"
16:00 "НАРТӘУЕКЕЛ"
18:00 "ҚҰДАЙБЕРГЕН БЕКІШТІҢ ӘН КЕШІ".
21:00 "ҚАҢТАР: СЫНАҚ ПЕН САБАҚ"
21:30 "КОСНУВШИСЬ СЕРДЦА", мелодрама
1:00 "ТАЙНЫЙ САНТА"
3:00 "ӘН МЕН ӘНШІ"
5:15 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ"

**31**

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Time Vine»
07:40 «TikTok show»
08:10 «Кощей. Похититель невест» (повтор)
09:30 «Готовим с Адель»
10:00 «Алдараспан 2023»
13:50 «Один дома 4» (повтор)
15:30 «Один дома 5: Праздничное ограбление»
17:10 Анимационный фильм «Ральф»
19:00 «По щучьему велению»
21:00 «Хоббит: Пустошь Смауга»
23:50 Реалити - шоу «Мен лайықпын!»
01:00 «Bizdin show»
02:50 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:00 «Time Vine»
04:20 «TikTok show»
04:40 «Әзіл студио»
05:00 «1001 Әзіл»
05:10 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:30 «What's up?»

**7**

6:02 «Q-елі»
7:00 "Сезім үшін" Телехикая. (Түркия)
8:00 "ЗДОРОВЬЕ С АЙНУР ТАЖИНОЙ"
8:30 "«Юмор! Юмор! Юмор!!!»
10:00 «Великолепный век. Хюррем».
12:00 Художественный фильм
14:30 Художественный фильм
16:10 "ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗ"
17:00 "АБЫСЫНДАР-2". Телехикая.
19:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая. (Түркия)
20:00 МЕГА-ШОУ "МАСКА KAZAKHSTAN"
22:00 Художественный фильм
0:00 "ӘЗІЛ MAN"
1:00 «Жарқыраған жаңа жыл-2025».
3:00 Қызықты Weekend
4:00 "Жеңіп көр"
5:20 "Қуырдақ"

**НТК**

07.00 «Екі езу» (каз.)
07.20 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
08.15 «Бақытты бағалайық» (каз.)
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ» (мультсериал)
09.30 «СОБАЧЬЯ ЖИЗНЬ»
11.15 «БОЛЬШОЙ КРАСНЫЙ ПЁС
12.50 «ЭЛВИН И БУРУНДУКИ»
14.10 «ЛИГА МОНСТРОВ»
15.50 «КОНГ: ОСТРОВ ЧЕРЕПА»
17.50 «КООРДИНАТЫ «ЦИТАДЕЛЬ»
19.30 «КРУЧЕ НЕКУДА»
21.20 «ФЛЭШБЭК»
23.30 «ВАРЯГ»
01.40 «Қызық Live» (каз.)
02.20 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.40 «INSTA TV» (каз.)

## ЖЕКСЕНБІ
## 5 ҚАҢТАР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
6:30 «АУЫЛДАСТАР»
7:00 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ».
7:45 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».
8:35 «МҰЗ ДӘУІРІ 4: ҚҰРЛЫҚТАРДЫҢ ЖЫЛЖУЫ». МУЛЬТФИЛЬМ
10:00 «САБАЗ БЕН СҰЛУ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 ТҰСАУКЕСЕР! ДИСНЕЙ ҰСЫНАДЫ: «МҰЗ ДӘУІРІ 5: ҚАҚТЫҒЫС БАҒЫТЫ». МУЛЬТФИЛЬМ
13:35 ДИСНЕЙ ҰСЫНАДЫ: «МУЗЕЙДЕГІ ТҮН». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (АҚШ, ҰЛЫБРИТАНИЯ, 2006 Ж.)
15:30 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!»
18:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». ТЕЛЕХИКАЯ.
19:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 «МУЗЕЙДЕГІ ТҮН 2». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (АҚШ, КАНАДА, 2009 Ж.)
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «IQANAT OFF-LINE». ТЕЛЕХИКАЯ.
1:05 «ӘЛЕМНІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП КӨРІНІСТЕРІ».
2:05 «КҮМІС КӨМЕЙ»
2:50 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ».

5:00 "Асыл қазына"
6:00 Концерт. "Жолдар, жолдар" Жұбаныш Жексен
8:00 Мультсериал. "Монсики"
9:45 Мультфильм. "Приключения Паддингтона 2"
11:15 Мультфильм. "Белоснежка: Месть гномов"
13:00 Кино. "Моя большая казахская семья"
15:00 Кино. "Елки новые"
17:00 "ОйнаIQ" повт от 28.12.2024
18:00 "Қызық премия 2024"
20:00 Кино. "Женатый холостяк"
22:00 Кино. "Елки Последние"
0:00 "Архивный концерт"

**ASTANA TV**

06.00 «Лакшми» телехикаясы
07.30 «Семьянин» Худ.фильм
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
10.00 «Слепой Закон» Индийское кино
13.00 «ҚАҢТАР. тәуелсіздік тұғыры теңселгенде...» Деректі фильмі
15.25 «Жестокий романс»
15.50 «Жігіттер»
17.30 «Где мое кольцо» Худ.фильм
19.00 «Ән мен әнші»
21.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
21.55 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.10 «Адам бол» Худ.фильм
00.40 «Жап жаңа жыл»

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
7:30 «П@УТINA» бағдарламасы
8:50 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9:05 «МАРЬЯ-ИСКУСНИЦА»
10:10 Многосерийный фильм «СИНИЧКА»
13:45 «Я ТЕБЯ НИКОМУ НЕ ОТДАМ»
17:00 «НА МОРЕ!»
18:45 Премьера. Светлана Иванова, Иван Колесников Анна Снаткина, Вячеслав Чепурченко в фильме «КУКОЛЬНЫЙ ДОМ»
20:35 Премьера. Елена Лагута, Дмитрий Исаев в многосерийном фильме «ПОКА ВСЕ ДОМА»
0:20 Ночной кинотеатр. «МАСТЕР И МАРГАРИТА». Заключительные серии
1:50 «П@УТINA» бағдарламасы
3:20 «ТАМАША CITY» бағдарламасы

**КТК**

7:05 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ", ойын-сауық бағдарламасы
8:15 "ШАНШАР", жаңа жылдық әзіл мен ән думан кеші (қайталау)
11:15 "ПАРАД ЮМОРА", шоу-программа
13:15 "КОСНУВШИСЬ СЕРДЦА", мелодрама
16:45 "ҚАЛДЫБЕК ҚҰРМАНӘЛІНІҢ ӘН КЕШІ".
20:00 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!", музыкалық халықтық-шоу.
22:00 "ГРИБНОЙ ДОЖДЬ", мелодрама
2:00 "ПАРАД ЮМОРА", шоу-программа
4:00 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!" (қайталау)
4:45 "ҚҰДАЙБЕРГЕН БЕКЕШТІҢ ӘН КЕШІ"

**31**

06:00 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
06:15 «Алдараспан 2023» әзіл-сықақ театры
09:30 Кулинарная программа «Готовим с Адель»
10:00 Телевикторина «TeleBingo»
10:30 Мультсериал «Буба»
11:30 КИНО. Кристиан Мартин в комедии «Один дома 5: Праздничное ограбление» (повтор)
13:10 Анимационный фильм «Ральф» (повтор)
15:00 Премьера! КИНО. Никита Кологривый в фэнтези «По щучьему велению» (повтор)
17:10 КИНО. Мартин Фриман в фэнтези «Хоббит: Пустошь Смауга» (повтор)
20:00 «Qantar. Люди и Судьбы». Специальный репортаж
20:40 КИНО. Мэл Гибсон в историческом боевике «Храброе сердце»
23:40 КИНО. Рассел Кроу в драме «Игры разума» (повтор)
01:40 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
03:30 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
03:50 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:00 Телевикторина «BALA BATLLE»
04:30 «What's up?» ойын-сауық бағдарламасы
05:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
05:30 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

**7**

6:02 Қызықты Weekend
6:40 "Сезім үшін" Телехикая. (Түркия)
7:40 Художественный фильм
10:00 «Великолепный век. Хюррем». Телесериал
12:00 Художественный фильм
15:00 Художественный фильм
16:40 «Жарқыраған жаңа жыл-2025». Жаңажылдық бағдарлама
17:00 "АБЫСЫНДАР-2". Телехикая.
19:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая. (Түркия)
20:00 ТҰСАУКЕСЕР! Көркем фильм (Казахстан, 2024 ж.)
22:00 Художественный фильм
0:00 "ӘЗІЛ MAN"
1:00 «Жарқыраған жаңа жыл-2025». Жаңажылдық бағдарлама
3:00 Қызықты Weekend
3:50 "Жеңіп көр". Бағдарлама
5:10 "Қуырдақ"

**НТК**

07.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.20 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
08.15 Көркем-фильм «Менің әкем батыр»
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ» (мультсериал)
10.00 «ЛИГА МОНСТРОВ»
11.30 «СОНИК В КИНО 2»
13.30 «РЕАЛЬНАЯ ЛЮБОВЬ»
15.50 «КРУЧЕ НЕКУДА»
17.40 «ФЛЭШБЭК» (боевик, Лиам Нисон, Моника Белуччи, Гай Пирс)
19.50 «МИСТЕР И МИССИС СМИТ» (комедийный боевик, Анджелина Джоли, Брэд Питт)
22.00 «МОРБИУС» (фантастический боевик, Джаред Лето, Мэтт Смит, Тайриз Гибсон)
23.40 «ОНО 2» (фильм ужасов, Билл Скарсгард, Джессика Честейн, Джеймс Макэвой)
02.00 «Қызық Live» (каз.)
02.40 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.20 «INSTA TV» (каз.)
04.00– 05.00 «Екі езу» (каз.)

# ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН

Әлемдегі саяси ахуал, қаржы жүйесіндегі өзгерістер, нарықтағы бәсекелестіктің артуы, жаңа технологиялардың дамуы, азық-түлік қауіпсіздігі мен әлеуметтік шиеленістер сияқты ғаламдық мәселелер күн сайын шиеленісіп бара жатқаны жасырын емес. Әлемдік экономика революциялық технологиялар негізінде қарқынды түрде дамып келеді.

Адамзаттың жаңа тарихи кезеңге қадам басуы қоғамның барлық саласында, экономикада, мәдениетте және психологияда, т.б. ауқымды өзгерістерге әкелетіні сөзсіз.

Бұл ретте экономикалық кибернетиканың маңызды бағыты – экономикалық-математикалық тиімді модельдерді және халық шаруашылығының мақсатты жоспарлау, болашақты және ағымдық жоспарлауды шешу құралдарын жасақтау күн тәртібінде тұрған үлкен мәселелердің бірі. Сонымен қатар экономикалық-математикалық модельдеу әдістерін және жаңа ақпараттық технологияны жасақтау жұмыстарын жүйелі түрде жүзеге асыру өзінің өзектілігін жойған емес.

Бұл ретте Қазақстан ғылымында кеңінен танымал көрнекті ғалым, экономист-кибернетик және педагог, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, Қазақстанның Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері Жаппар Жұманның экономикалық-математикалық модельдер мен оларды халық шаруашылығында ендіру және тиімді жоспарлау әдістерін жасау, сол сияқты жаңа ақпараттық технологияларды құрастыру салаларында өнімді еңбек етіп келе жатқанын айрықша атап өткен жөн.

Жаппар Жұманның жетекшілігімен және қатысуымен Алматы экономикалық университетінде экономика мамандықтары бойынша аспирантура мен магистратура ашылды, сондай-ақ Алматы экономикалық



университеті және Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті негізінде 08.00.02 және 08.00.13 мамандықтары бойынша кандидаттық диссертацияларды қорғау жөнінде Біріккен диссертациялық кеңес құрылды. Жаппар Жұманұлы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының ұжымы арасында көрнекті ғалым-зерттеушісі, білікті педагог ретінде лайықты беделге ие.

Оның ғылыми жетекшілігімен экономика мамандықтары бойынша 7 докторлық, 22 кандидаттық, 3 (PhD) философия докторы сынды ғылыми диссертациялар қорғалды. Қазіргі уақытта 2 (PhD) докторантқа ғылыми жетекші және 86 магистрлік диссертациялары қорғалды. Ол санаулы жылдар ішінде өзінің ғылыми мектебін қалыптастырып үлгерді. Жаппар Жұманның еліміздегі, сондай-ақ рейтингісі жоғары жақын және алыс шетел басылымдарында 500-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көрген. Оның ішінде 30-ы – ғылыми монографиялар, 18-і – жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтарына арналған оқулықтар мен оқу құралдар.

Абай атамыз: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсеменен оздым ғой деметің бәрі де – ақымақшылдық». Қазір – ғылым мен білімнің заманы. Ғылымды жанына серік еткен тұлғалардың өнімді еңбектерінің нәтижесінде көптеген ғылыми жобалар жүзеге асып келеді. Осы жобалар ел игілігі мен кәдесіне жарап жатса, ортақ мақсаттың орындалғаны.

**Әсемгүл БЕКМҰХАМЕТОВА,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты**





# ЖАУҺАР ЖЫРДЫ ЖҮРЕГІНДЕ ТЕРБЕГЕН

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына орай «Жауһар жырды жүрегінде тербеген» атты еске алу іс-шарасы өтті.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Сарыарқа ауданының әкімі Бауыржан Ералы сәлемін жолдап, Фариза ақынның шығармашылығы арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу, қазақ поэзиясын дәріптеу бағытында ұйымдастырылған бұл іс-шараның үлкен мән-маңызын атап өтті. Ұйымдастырушыларға аудан басшысының алғыс хаты тапсырылды.

Фариза Оңғарсынованың соңынан ерген ақын сіңлілерінің бірі, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықова поэзия падишасы атанған Фаризаның өмірден өткеніне 10 жыл болса да, халықтың оның поэзиясына махаббатты суымағанын, өзі де жиі сағынатынын айтты. Ақынмен танысқан күндерді еске алып, Оңғарсынова құбылысы дегенге тоқталды, жырларының тереңдігі, екінің бірі түсіне бермейтін бөлек болмысы, қайраткерлік қасиеті жайлы әңгімеледі. Соның ішінде қазақ тілінде жазылған санаулы заңдардың бірі «Ана мен бала туралы» заңының авторы Фариза Оңғарсынова екенін атап өтті.

«Фариза апайдың әділетсіздікке көнбегенін, әрқашанда тура сөйлегенін халық білді. Сондықтан көп адам одан ығысатын. Шын мәнінде апайдың бойында қазақтың кең, көк майса даласы сияқты бір жайсаңдық, бір жылулық, кеңдік бар еді. Фариза апай қазақ әйелінің, қазақ қызының бойындағы ішкі нәзіктіктердің барлығын поэзияда көрсетті. «Қазақтың қыздары биік болуы керек, парасатты болуы керек, қазақтың қызына екінің бірінің қолы жетпеу керек, қазақ қыздарының құны өте жоғары болуы керек» деп айтып отыратын» деді Елена Әбдіхалықова.

Фариза Оңғарсынова туралы естелік кітапты құрастырған жазушы, журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Гүлсім Оразалықызы Фаризаның журналистік еңбегіне тоқталып, естеліктермен бөлісті.

Естеліктер легін Қазақ радиосының ардагері Күләш Кәйланқызы жалғап, Фариза ақынның «Сағындым» және «Нарын» атты өлеңдерін оқыды. Іс-шараға Фариза Оңғарсынованың немересі Асылан арнайы қатысты. Ол әжесінің өзін қалай тәрбиелегені туралы әңгімелеп, Фаризаның немересі деген ат үлкен жауапкершілікті жүктейтінін айтты, кітапханаға ақынның бір кітабын тарту етті. Ақын, сазгер, күйші, ұстаз Оспан Сүлейменұлы Фариза Оңғарсынова елдің ардақтысы, ақындардың асылы екенін айта келе, онымен кездескен күндерден жарқын естеліктерді жаңғыртты.

Фариза Оңғарсынова тұрақты түрде «Шабыт» шығармашыл жастардың халықаралық фестивалі «Әдебиет» аталымының төрайымы болды. Осы фестиваль арқылы талай жас ақынға шапағаты тиіп, олардың елге танылуына үлкен үлес қосты. Осы ақындардың ішінде Айдын Байыс, Ажар Ерболған, Әліби Манаш сөз сөйлеп, өлеңдерін оқыды.

Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж студенттері Фариза ақынның жырларын жаңғыртты. Іс-шараны түйіндеген Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева аталмыш жүйе қызметкерлері «Шабыт» фестивалі күндері Фариза Оңғарсыновамен жақын араласқандарын айтып, сондағы оның жас ақындарға, кітапханашыларға қамқорлығы туралы әңгімеледі.

# ҰРПАҚҚА – ТАҒЫЛЫМ

Биылғы жаңа оқу жылында есігін алғаш айқара ашқан жайлы мектеп – №106 орта мектебінде қала деңгейінде «Бұқар жырау жырлары – ұрпаққа тағылым» атты қалалық ғылыми-педагогикалық конференциясы жоғары деңгейде өтті.

Қарағанды облысынан Бұқар жырау бабамыздың ұрпағы Қалиасқар Шыныбекұлы және жыраудың туған Кереку елінен Бұқар жырау атындағы музей қызметкері Перизат Кәріғұлқызы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Болат Қорғанбек, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай университеті филология ғылымдарының кандидаты, профессор Анарбай Бұлдыбай, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры Айтбай Жұмағұлов пленарлық отырысында Бұқар жырау шығармашылығынан баяндама жасап, тың таным көкжиегін кеңейтті. Ғылыми-танымдық конференция әрі қарай музыка, әдебиет, тарих, тәрбие, ғылыми секциялардың тәжірибелік алаңына ұласты.



– Баяндамашыларды тыңдасақ, қазақ тарихында Бұқар жырау – әйгілі жырау, Абылай ханның ақылшы биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне-көп Абылай ханның өтінішімен түсінде көрген істерін болжап айтады екен, бұлары дәлме-дәл келіп отырған. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Мектебіміздегі жиынға қатысушылар ғалымдардың баяндамаларынан көптеген жаңа, тың деректер тауып, танымдық кездесу ретінде есте қалды. Бүгінгі іс-шараға байланысты жауапты – мектеп директорының орынбасары Құралай Щорсқызына, қолдан келген көмектерін беріп, ауызбіршілік танытқан мектеп әкімшілігіне, барлық ұстаздарға алғыс айтамын, – дейді №106 орта мектебінің директоры Гүлсан Жаманқараева.

Конференцияда ерекше атсалысқандар қатарында Гүлжан Сиырбайқызы, барлық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері атынан айрықша белсенділік танытқан Жадыра Сарыбайқызы бастаған тарих пәні мұғалімдері бірлестігі, Айгүл Шамшыраққызы бастаған эстетика пәндері бірлестігі, секция бөлімінде қызмет көрсеткен Жанарбек Тойлыбай бастаған информатика пәні мұғалімдерінің бірлестігі барын атап өткен жөн.

Сондай-ақ іс-шара барысында өз тарапынан қаржылай демеушілік білдірген дене шынықтыру пәні мұғалімі Нұрсұлтан Болат пен бастауыш сынып мұғалімі Назым Кажиеваның, әсіресе, тарих пәні мұғалімі Жадыра Жумағалиеваның еңбектерін айрықша атап өткен орынды.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

# «ГАУҺАРТАСТЫҢ» 250-ІНШІ КӨРСЕТІЛІМІ

Кеше Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабековтің «Гауһартас» музыкалық драмасының 250-інші көрсетілімін көрермен назарына ұсынды. Қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров.

Бұл қойылым Қазақстан мен Еуразияның театр кеңістігінде рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Әр көрсетілімі аншлагпен өтіп, бүгінгі таңға дейін 100 мыңнан астам көрермен тамашалады.



Спектакль елордамыздан бөлек Алматы, Ақтау, Атырау, Орал, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Түркістан, Өскемен, Семей және Жаңаөзен қалаларында, сонымен бірге Баянауыл, Ойыл, Сырым, Қаратөбе аудандарында, Астана қаласының Мәскеудегі мәдениет күндері аясында Мәскеу мемлекеттік «Драма өнерінің мектебі» театрында көрсетілді.

Бұл музыкалық драма «UMAI-2023» ұлттық сыйлығының «Театр өнері» номинациясы бойынша «Үздік спектакль» атанды. Салтанат бейнесін сомдағаны үшін театр актрисасы Инабат Ризабекова республикалық «Сыншылар жүлдесі - 2023» марапаттау кешінде «Жыл актрисасы -2023» жүлдесіне ие болды. Қазақстанның өнер, мәдениет және спорт саласындағы үздіктерге берілетін «Qazaqstan Ticketon Awards – 2024» сыйлығы – Мемлекеттік театрлар арасында «Гауһартас» қойылымын халықтың дауыс беруі нәтижесі бойынша «Жыл спектаклі» деп танылып, «ТИКЕТОН – 2024» сыйлығының жеңімпазы атанды. Драмада көрініс беретін «Құдаша» әні мен биі санаулы сағатта әлеуметтік желілерде миллиондаған қаралым жинап, жастар арасында трендке айналды. Тіпті, Қытай, Түркия, Ресей еліндегі жастардың бейнежазбасы да кеңінен тарады. Жалпы 1967 жылы жазылған Д.Исабековтің «Гауһартас» повесінде көтерілген тақырыптар бүгін де өзекті болып қалып отыр.

Қойылым отбасылық құндылықтардың мәнін ашады, сонымен қатар әйелді құрметтеудің маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстанның театр әлемінде тұңғыш рет сахналанған «Гауһартас» музыкалық драмасы – көрерменнің жүрек қылын шертіп, ой-армандарын асқақтатып, санасына серпін беріп, жігерін қайрап, ішкі мәдениеті мен рухани жан-дүниесін байытып, елдік сезімі биік ұлағатты ұрпақты тәрбиелеу жолында елеулі үлес қосуды мұрат тұтады.



www.astana-akshamy.kz
Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
**Тапсырыс №154**
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

**aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – **Шапағат ӘБДІР**